

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Үсенқұл Назерке,
Ибраим Жансая,
Аршабек Айдана,
Қыдырбай Бағым

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

«Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиті»

5B050800 - Есеп және аудит

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н.Досова

«25» 04 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиті»

5B050800-Есеп және аудит

Қыдырбай Бағым,
Үсенқұл Назерке,
Ибраим Жансая,
Аршабек Айдана

Пікір беруші

э.ғ.к., әл-Фараби атындағы

КазҰУ доценті

Оралбаева Ж.З.

«25» 04 2019 ж.



Ғылыми жетекші

э.ғ.к., профессор- ассистенті

Досаева А.Ж.

«25» 04 2019 ж.

Алматы, 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050800 - Есеп және аудит

БЕКІТЕМІН

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

« 09 » 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Аршабек Айдана, Қыдырбай Бағым, Ибраим Жансая,
Үсенкүл Назерке

Тақырыбы: «Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиті»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «13» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1) Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауының теориялық негіздерін қарастыру;

2 «Сәулет құрылысы» ұйымындағы ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауын ұйымдастыру;

3) Ұйымның ақша қаражаттарының аудиті және ақша қаражаттар есебін жетілдіру.

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

11 кесте, 9 сурет, 20-жұмыс презентациясының слайды

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 30 атау

**Дипломдық жоба дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1) Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдуының теориялық негіздерін қарастыру;	05.02.19ж	Орындалады
2) «Сәулет құрылысы» ұйымындағы ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауын ұйымдастыру	05.03.19ж	Орындалады
3) Ұйымның ақша қаражаттарының аудиті және ақша қаражаттар есебін жетілдіру	08.04.19ж	Орындалады

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.С. Джайтуганова	26.04.19	

Ғылыми жетекші:  Досаева Алия Журкабайқызы

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Қыдырбай Бағым, Аршабек Айдана, Ибраим Жансая, Үсенқұл Назерке

Күні « 23 » 04 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы студенттері Ибраим Жансая, Аршабек Айданак, Үсенкүл Назерке, Қыдырбай Бағымның «Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиты» тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ
ПІКІРІ**

Дипломдық жоба «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысының талдауы мен аудит жүргізілуі зерттелген.

Жобаның бірінші бөлімінде – жалпы ұйымының ақша қаражаттары қозғалысының есебінің теориялық негіздері қарастырылған;

Талдамалық бөлімінде – «Сәулет құрылысы» мекемесі жайлы ақпарат және ұйымның ақша қаражаттар қозғалысына талдау жасалған;

Жобаның үшінші бөлімінде – зерттеу ұйымының ақша қаражаттар қозғалысына аудиторлық тексеру жүргізілген және оның жетілдірілу жолдары ұсынылған.

Жұмыс логикалық жалғасымы бар аяқталған жұмыс деп айтуға болады.

Дипломанттар дипломдық жобаны жазу барысында барынша жауапкершілікпен, ізденімпаздықпен қарап, берілген тапсырмаларды уақытында орындап, берілген уақытқа сай орындап шықты.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін дипломанттардың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып «Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиты» тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялау комиссиясының алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы»(95%) деп бағалауға болады.

Пікір беруші

Э.Ғ.К., профессор- ассистенті

 Досаева А.Ж.

«» 04 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы студенттері Ибраим Жансая,
Аршабек Айданақ, Үсенкүл Назерке, Қыдырбай Бағымның «Ұйымның ақша
қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиты» тақырыбына жазылған
дипломдық жобасына

СЫН-ПІКІР

Өзірленген:

а) графикалық бөлімнің - ____

б) түсіндірме жазбасы - ____

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Дипломдық жоба «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар
қозғалысының талдауы мен аудит сапасын жетілдіру мақсатында
құрастырылған.

Дипломдық жобада ақша қаражаттарының теориялық ұғымы
қарастырылды, кәсіпорынның жұмыс істеуіндегі орны талданды, ақша
қаражаттарының зерттеу әдістерінің сипаттамасы берілді, зерттеу объектісіне
қатысты ақша ағындарының негізгі көрсеткіштерінің болашақ жағдайын
сипаттау барысында ашылды.

Дипломдық жоба алдына қойған мақсат міндеттерін толығымен ашқан,
өз бетіне жүргізілген ғылыми жұмыс деп айтуға тұрады.

Әсіресе, дипломанттардың ақша қаражаттар қозғалысына жасалған
талдауы және аудиті ерекше қызығушылық тудырады.

Қарастырылып отырған дипломдық жобада шетел тәжірибесін
қарастыруға болатын еді, дегенмен бұл жұмыстың ғылыми құндылығын
түсірмейді.

ЖҰМЫС БАҒАСЫ

«Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиты»
тақырыбына жазылған дипломдық жобаны Мемлекеттік аттестациялау
комиссиясының алдында сәйкесінше қорғалған жағдайда «өте жақсы»(97%)
деп бағалауға болады.

Пікір беруші

Э.Ғ.К., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Оралбаева Ж.З.

«23» 04 2019 ж.

ҚазҰТЗУ 704-22 Ү. Сын-пікір



[Handwritten signature]

Краткий отчет



Университет:	Satbayev University
Название:	ұйымның ақша қаражаты қозғалысының талдауы мен аудиті.doc
Автор:	Қыдырбай Б., Үсенқұл Н., Аршабне А., Ибраим Ж.
Координатор:	Нургуль Абдигалиева
Дата отчета:	2019-05-08 07:55:18
Коэффициент подобию № 1:	5,6%
Коэффициент подобию № 2:	0,6%
Длина фразы для коэффициента подобию № 2:	25
Количество слов:	15 826
Число знаков:	132 615
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершённых проверок:	65



К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно.
Количество выделенных слов 2

>>

Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	Документ из базы НЭУ 544781db-f624-424d-b669-06cec0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	na	35
2	URL_ http://kzbydocs.com/docs/108/index-50345.html?page=5		28
3	URL_ http://kz2.fatwords.org/safia/negizgi-raldar-buhgalterlik-esepi-obektisi/main.html		25
4	Документ из базы НЭУ 51d3e13f-8b60-4dc1-a961-0728c0a80d1d.doc NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	na	23
5	Документ из базы НЭУ 544781db-f624-424d-b669-06cec0a80d1d.docx NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)	na	20
6	URL_ https://www.zharar.com/kz/kurs/17171-audit.html		18
7	URL_ https://www.zharar.com/kz/kurs/17171-audit.html		18
8	Ақша қаражаттары және олардың баламаларының есебі мен аудиттің ерекшеліктері Satbayev University (И_ЭуБ)	Мизамбаев Ербол Мадиярұлы	17
9	URL		17

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

Не обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Ақша қаражаттары және олардың баламаларының есебі мен аудиттің ерекшеліктері <i>Satbayev University (И_ЭУБ)</i>	Мизамбаев Ербол Мадиярұлы	43 (4)

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Документ из базы НЭУ 544781db-f624-424d-b669-06сес0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	105 (7)
2	Документ из базы НЭУ 51d3e13f-8b60-4dc1-a961-0728c0a80d1d.doc <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	39 (3)
3	Қаржылық есептілік аудитінің ақпараттық базасы ретінде <i>M.Auezov South Kazakhstan State University (Высшая школа Управления и Бизнеса)</i>	Мырзағали Ж	37 (5)
4	Документ из базы НЭУ 51d514f1-03ec-4856-9e71-0729c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	25 (3)
5	Өндіріс кезеңіне ішкі аудитті ұйымдастыру <i>M.Auezov South Kazakhstan State University (Высшая школа Управления и Бизнеса)</i>	Құлмаханбетов Б.ЭФ 15-7к2	22 (3)
6	Документ из базы НЭУ 51d3b8f2-3b4c-4568-8240-0727c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	14 (2)
7	Кәсіпорынның контрагенттерімен есеп айырысу есебін, талдауын және аудитін жетілдіру («Алем Ескендірова С.А. 16-БУКз-2 НС» ЖШС үлгісінде) <i>D. Serikbayev East Kazakhstan State Technical University (ОПУМУП)</i>		13 (2)
8	Документ из базы НЭУ 5461a862-ca18-4e54-a929-06c4c0a80d1d.doc <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	13 (1)
9	Документ из базы НЭУ 55f25694-d554-458c-962a-3b43c0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	па	12 (1)
10	Ақша қаражаттары туралы есептілікті дайындау әдісі және оның негізгі көрсеткіштерінің аудиті мен талдау.docx <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)</i>	Сабитова М.Г. Тюлеева М.М.	10 (2)
11	Кәсіпорынның қаржылық есептілігін тексерудің қаржылық талдауы мен аудиторлық әдістемесі.docx <i>NARXOZ (NEU) (Кафедра Бухгалтерский учет, аудит и оценка)</i>	Бауыржан Н.Б. Жасболат А.Қ.Сағындықов А.Ж.	8 (1)
12	«Қысқа мерзімді активтердің есебін, аудитін және талдауын жетілдіру («Invest City» ЖШС материалдар негізінде)» <i>Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (KUEFIT) (ФАКУЛЬТЕТ "ЭКОНОМИКА")</i>	Муканова АС, Абдрахманова ТН, Сабырхан АӨ.	5 (1)
13	Бухгалтерлік есеп жүйесіндегі ішкі бақылау құралдары.doc <i>M.Auezov South Kazakhstan State University (Высшая школа Управления и Бизнеса)</i>	Омартеева А. ЭФ 15-7к1	5 (1)

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Источник гиперссылки	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	URL_ https://www.zharar.com/kz/kurs/17171-audit.html	176 (19)

3	URL_ https://myleksi.ru/1-52194.html	53 (7)
4	URL_ https://studfiles.net/preview/5756799/page:7/	53 (6)
5	URL_ http://stud24.ru/accounting/shk-audit-jymdastyru/351909-1087990-page1.html	35 (4)
6	URL_ http://kz2.fatwords.org/safia/negizgi-raldar-buhgalterlik-esepti-obektisi/main.html	35 (3)
7	URL_ https://studfiles.net/preview/5756806/	30 (5)
8	URL_ http://kzbydocs.com/docs/108/index-2655.html?page=3	23 (2)
9	URL_ http://www.melimde.com/memlekettik-audit-jene-arjili-bailau-turali-v2.html	13 (1)
10	URL_ https://ppt-online.org/486277	12 (1)
11	URL_ http://kgd.gov.kz/sites/default/files/KGD/modernization/prikaz_sp_kaz.2018_utochn_1019_ot_21.11.18.doc	5 (1)

АНДАТПА

Дипломдық жобада "Сәулет құрылысы" ұйымының ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудитінің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылған.

Бірінші бөлімде "ақша қаражаттары" ұғымы ашылған тәжірибелік көрсетіп, ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауының, сонымен қатар ақша қаражаттары жайлы барлық мәліметтер қамтылған. Екінші бөлімде "Сәулет құрылысы" мекемесінің өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жүргізілді, ұйымның ақша қаражаттарының қозғалысына қаржылық талдау жасалды және ұйымның қазіргі жағдайы анықталды.

Жобаның үшінші бөлімінде ұйымның ақша қаражаттары қозғалысына аудиторлық сараптама жасалды және аудит жүргізуді жетілдіру жолдары ұсынылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте рассмотрены теоретические и практические проблемы и анализ движения денежных средств организации "Сәулет құрылысы".

В первом разделе раскрыто понятие "денежные средства" и охвачены все сведения об учёте и анализе денежных средств. Во втором разделе сделан анализ производственно-хозяйственной деятельности "Сәулет құрылысы", также сделан анализ денежных средств и определено финансовое положение организации.

В третьем разделе проекта сделана аудиторская экспертиза движения денежных средств организации, вместе с тем даны предложения по его совершенствованию.

ANNOTATION

The thesis project reviewed the theoretical and practical problems and analysis of cash flow of the organization "Saulet kurylysy".

The first section describes the concept of "cash" and covers all information about the accounting and analysis of funds. In the second section the analysis of production and economic activity "Saulet kurylysy" also made the analysis of cash flows and determined the financial position of the organization.

In the third section of the project, an audit examination of the cash flow of the organization is made, however, proposals for its improvement are given.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	12
1 Ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдуының теориялық негіздері	14
1.1 Ақша қаражаттарының есебінің құжаттық рәсімделуі	14
1.2 Ақша қаражаттарының қозғалысын талдау әдістемесі	20
2 «Сәулет құрылысы» ұйымындағы ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауын ұйымдастыру	23
2.1 «Сәулет құрылысы» ұйымының негізгі қызметінің сипаттамасы	23
2.2 Ақша қаражаттар қозғалысының бухгалтерік есебі	25
2.3 Ақша қаражаттар қозғалысын талдау	28
3 Ұйымның ақша қаражаттар қозғалысының аудиті және жетілдіруі	31
3.1 Ақша қаражаттарының сыртқы аудитін ұйымдастыру	31
3.2 Ақша қаражаттарының ішкі аудитінің ерекшеліктері	39
3.3 Ақша қаражаттарының есебінің жетілдіру жолдары	44
Қорытынды	49
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	51

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Экономиканың нарықтық жолмен даму барысында кәсіпорын қызметінің қаржылық мәселелері күшейе түсуде. Соған байланысты кәсіпорындар мен ұйымдар басшылығының ерекше көңілі бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуына мән беріліп отыр. Әсіресе, елімізде халықаралық стандартқа сәйкес жаңа бухгалтерлік есеп стандартының енгізілуі ел экономикасының дамуына оң әсерін тигізуде.

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорын басшылары өз қызметін дұрыс жоспарлау мен басқару үшін кәсіпорынның және нарықты зерттеу мақсатымен басқа да кәсіпорындардың қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа ие болуы маңызды. Сонымен қатар ҚР-ның әлемдік ортаға тәуелсіз, егеменді мемлекет болып кіруі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есебінің алдына жаңа, әрі жоғары талаптар қояды. Бұл қаржылық есептің мәні мен мазмұнының шет ел серіктестерге түсінікті және қол жетерлік болуы мен оларды өңдеу және ұсынудың халықаралық стандарт талаптарына сәйкес келу қажеттілігімен байланысты.

Бухгалтерлік есепті реформалау үрдісі ҚР-ның тәуелсіздік алған сәтінен басталды. ҚР-ның бухгалтерлік есеп жүйесінің жетілуіне ҚЕХС, қаржылық шаруашылық қызметтің бухгалтерлік есебінің типтік шоттар жоспары мен оны қолданудағы әдістемелік ұсынулар сияқты нормативтік құжаттар үлкен үлес қосты деуге болады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы мәлімет қаржылық есептілікті пайдаланушыларға негіз беретінімен пайдалы, сондықтан дипломдық жоба тақырыбы өзекті.

Қаржылық есептеменің басты мақсаты – ұйымының қаржылық жағдайын және де қандай да бір экономикалық шешімдерді қабылдау кезінде пайдаланушыларға қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну. Сонымен қатар қаржылық талдауды аудиттеудің маңызы ерекше. Себебі қаржылық есептеменің аудитінің мақсаты – экономикалық шешімдерді қабылдау үшін қажетті қаржылық есептемесінің сенімділігін дәлелдеу.

Кез келген нысандағы ұйымдарды құру үшін ең басты болатын актив-ақша қаражаты болып табылады. Ақша қаражаттарының тек қана шаруашылық құралы ғана емес, сонымен бірге есеп айырысу құралы болып саналатындықтан ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есеп беріледі. Жән де ақша қаражаттары туралы есептілік ұйымның қаржылық жағдайы есептілігімен және кезең ішіндегі пайданы толықтырып тұратын есептіліктің маңызды бір нысаны. Егер қаржылық жағдай туралы есептілік ұйымның қаржы жағдайын белгілі бір уақытқа ғана көрсетсе, ал ақша қаражаттары жайлы есептілік қаржылық есептіліктің құрамдас бөлігі болып табылатын ақша қаражаттарының қозғалысын есепті кезеңің бір күнінен келесі күні аралығында туындаған өзгерісті нақтылыап беріп отырады.

Есептіліктің осы нысаны тиісті деңгейде құру ережелерін айқындауға арнайы стандарт әзірленген – 7 (IAS) Халықаралық қаржы есептілігінің

стандарты «Ақша қаражаттарының қозғалысы турлы есеп». Бұл стандарттың мақсаты ұйымның өткен кезең ішіндегі ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру арқылы ақша қаражаттары мен ақша баламаларындағы тарихи өзгерістер туралы ақпарат беруін талап етеді, және онда кезең ішіндегі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерін жіктеу жүргізіледі.

Сонымен қатар кәзіргі экономика жағдайында аудиттің маңызы бағыттарының бірі – ағымдағы активтің ең жылжымалы және толық өтімді элементтері қатарына жататын ақша қаражаттары мен оның баламаларының төлеу циклі мен қозғалысын тексеру болып табылады. Аудитор кәсіпорынның төлеу мен қозғалыс циклін есептеу мен бақылау жүргізудің сапалы жақтары туралы анық тұжырымдамаларын қамтамасыз ету қажеттілігіне проблемалық сипаттағы көптеген заңдық, ұйымдастырушылық, әдістемелік, қаржылық және экономикалық мәселелерді шешудің баламалы мүмкіндіктерін қарастырған жөн.

Дипломдық жобаның мақсаты – ұйымының ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудитін зерттеу нәтижесінде ұсыныстар жасау. Мақсатқа жетуде келесідей міндеттерді қарастыруға болады:

- ХҚЕС сәйкес ақша қаражаттар қозғалысы туралы есеп берудің теориялық негіздерін қарастыру;
- ақша қаражаттарының бухгалтерлік есебі мен олардың қозғалысы туралы есептілік жасауды зерттеу;
- ақша қаражаттар қозғалысына аудиторлық тексеріс жүргізуді ашу және жетілдіруі бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеу объектісі – ретінде «Сәулет құрылысы» мекемесінің өндірістік тәжірбиесінен алынған құжаттар қолданылады.

Зерттеу пәні – кәсіпорынның ақша қаражаттары қозғалысын басқара отырып қаржылық есептілігін қарастыру. Жоғарыда көрсетілген тақырыптардың мәнін ашу, ақша қаражаттар қозғалысын талдау. Бухгалтерлік есеп жүргізу, ұйымның қаржысын жақсарту, көп пайдаға кенелу, ақша қаражаттар қозғалысының аудитін дамыту.

Осы дипломдық жобада «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысының талдауы жайлы жалпы мәлімет қарастырылған:

Бірінші бөлімде – жалпы ұйымының ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен теориялық негіздері жайлы қарастырылды;

Екінші бөлімде – «Сәулет құрылысы» мекемесі жайлы ақпарат және ұйымның ақша қаражаттар қозғалысына талдау жасалды;

Үшінші бөлімде – «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысына аудиторлық талдау жүргіздік және оның жетілдірілу жолдары ұсынылды.

1 Ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауының теориялық негіздері

1.1 Ақша қаражаттарының есебінің құжаттық рәсімделуі

Ақша қаражаттары кез-келген мемлекеттің қаржы жүйесінің ажырамас бөлігі. Ақша экономикалық категория ретінде бірнеше қызмет атқарады: құн өлшемі, айырбас құралы, төлем құралы, әлемдік ақшалар.

Экономика мен экономикалық қатынастардың дамуы қаржы-несие жүйесінде, оның ішінде ақша айналысы мен төлем, есеп айырысу сұрақтарында да көптеген жаңалықтар мен өзгерістер алып келуде. Есеп айырысу – төлем жүйесінің өзгеруімен қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйелері арасындағы айырмашылық та алшақтап келеді.

Кез-келген ұйым өзінің құқықтық-ұйымдастырушылық нысанасына қарамастан ақша қаражаттарымен күнделікті жұмыс істейді. Барлық мемлекеттік ұйымдар өз қаржыларын банк мекемелерінің тиісті шоттарында сақтап және міндеттемелері бойынша төлемдерін, осы мекемелер арқылы ақшасыз нысанда, ал қажет жағдайда ҚР Ұлттық банкі белгіленген талаптар орындалса нақты ақшамен де есеп айырысулар жүргізе алады.

Ақша қаражаттары ең тез қолданылатын активтер қатарына жатады. Тез қолданылатын себебі, ақшалай есептесу арқылы кез келген операцияны жүргізуге болады және міндеттемелерді орындау үшін ұзақ уақыт талап етілмейді. Ақшалай қаржының болуы, алашақтары барлармен, бюджетпен, қызметкерлермен дер уақытында есептесіп отыруға мүмкіндік береді. Ақша қаражатының есебін жүргізу үшін, шоттардың типтік жоспарындағы 1010-1050 шоттарының тобы пайдаланылады.

Ақша қаражаттарының есебін жүргізетін шоттар, актив есебінен жүргізетін шоттарға жатады, сондықтан шоттың дебетіндегі сальдо, шоттың қалдығындағы сомаға тең болады. Дебет бойынша өсуі немесе соманың айналымы, ұйымға қаржының түскенін, немесе ақшаның көбейгенін көрсетеді. Соған сәйкес кредит бойынша айналуы, ақшаның азайғанын көрсетеді. Ақша қаражаты сатылған өнімнің құнынан, орындалған жұмыс пен көрсетілген қызмет төленген ақының есебінен көбейеді. Кемуі – ақша қаражатының құндылықтарды, шикізатты, негізгі қорларды сатып алып, басқа да операциялық немесе инвестициялық мақсаттарға жұмсалғанын көрсетеді.

Барлық шаруашылық жүргізіші ұйымдар өз ақша қаражаттарын банк мекемелерінің тиісті шоттарында сақтап және міндеттемелері бойынша төлемдерін осы мекемелер арқылы ақшасыз нысанда, ал қажет жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгіленген талаптармен, нормативтік құжаттарымен белгіленген шегінде нақты ақшамен есептесуді жүзеге асырады. Егер де заңды тұлғалардың арасындағы төлем сомасы 4000 айлық есептік көрсеткіштен асып түссе, онда олар тек ақшасыз тәртіпке айырысуларды жүзеге асырады. Бұл келтірілген мәлімет заңды тұлғалардың арасындағы әрбір мәміле (келісімшарт) бойынша шартты түрде

пайдаланылады. Егер де контракт сомасы көрсетілген лимиттен асатын болса, онда төлем ақшасыз тәртіпте орындалуы керек, тіптен олар жартылай орындалса да, әрбір төлемнің сомасы 4000 АЕК-тен аспауы керек.


Ақша қаражаттарының сақтау үшін және заңды тұлғалар арасында есеп айырысу үшін ҚР банк мекемелерінде банк шоттарын ашады.

Банк шоттары – бұл банк пен клиенттер арасындағы келісім-шарттың қатынастарын көрсететін әдіс. Банк шоттары теңгемен де, шетелдік валютамен де жүргізіледі және ол ағымдық, жинақтық және корреспонденттік болып бөлінеді.

Корреспонденттік шоттар – банк шоттары банктер мен ұйымдардың кейбір операция түрлерін жүзеге асырады.

Ағымдағы (есеп айырысу) және жинақ шоттары – бұл да банктік шоттар, бірақ олар жеке және заңды тұлғалар үшін, сондай-ақ заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшелері үшін ашылады.

1-ші суретте ҚР аймағындағы ақшаны төлеу мен аударуды жүзеге асырудың әдістерін көрсетеміз.



1-ші сурет - Ақшаны төлеу мен аударудың инструменттері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [1]

Шетелдік валютадағы қаражаттардың қолда бары мен қозғалысын есептеу үшін субъектіге арнап ағымдағы шоттар ашылуы мүмкін. Ол сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыратын және өнімін валютаға сататын субъект үшін ашылады. Аккредитивтер, чек (аванс) кітапшаларының шоттарын және басқаларын субъектілер ақша қаражатын оқшаулап сақтау үшін және тиісті операцияларын жүргізу үшін ашады.

Субъект шоттарындағы қаражат олардың иелерінің әмірі бойынша есептен шығарылады. Субъектінің рұқсатынсыз шоттағы қаражатты есептен шығаруға соттың, мемлекеттік салық қыметінің рұқсатымен және қолданылып жүрген заңдарда көзделген басқа жағдайларда ғана жол берілуі мүмкін.

Ақша қозғалысы, оны алу мен беру операциялары, оған қатысты құжаттардың қатесіз түрде дұрыс толтырылуын талап етеді. Барлық кассалық кіріс және шығыс ордерлері және басқа қаржылық құжаттар анық, ешқандай түзетулерсіз толтырылуға тиіс. Кассалық операцияларға байланысты қосымшаларға «алынды» немесе «төленді» деген штамптар басылып, уақыты көрсетіліп, қол қойылады. Осы арқылы құжаттарды қайта пайдаланып, ақшаны бір құжатпен екінші рет кассалық шығыс ордерін жаздырып алып кетуге жол берілмейді. Кей кездері есепшілер мен кассирлер кассалық ордерлерге штамп басады, ал дұрысы қосымша құжаттарға штамп басылуға тиісті (төлем ведомостары, расчеттар, өтініштер және т.б.).

Кассалық операцияларды жүргізу үшін, міндетті түрде кіріс және шығыс ордерлерін тіркейтін журнал мен кассалық кітап ашылып, толтырылып отырылады. Олардың парақтары нөмірленіп, тігіліп, ұйымның мөрі басылып, жауапты тұлғалар қол қояды. Кейінгі кездері есеп жүйесін компьютер арқылы жүргізуге байланысты, кассалық операцияларға орай кейбір талаптар орындалмай жүр, алайда кассалық кітапты жүргізу мен кассирдің есебін машинограмма түрінде рәсімдеуге болады.

Кассалық кітап, журнал тектес болады, онда жазу міндетті түрде көшірме қағаз арқылы жүргізіліп, көшірмесі кассирдің есебіне тігіліп отырады. Кассалық кітап тек қана қаламсаппен толтырылады, осыған сәйкес, көшірме қағаз арқылы жасалған кассирдің есебі, кассалық кітаптағы жазбаға сәйкес келуге тиіс.

Кассалық кітапта барлық кіріс және шығыс ордерлері тіркеледі, олардың нөмірі, сомасы, фамилиялары және кассалық операцияның қысқаша мазмұны көрсетіледі. Сонымен қатар есеп жасалған күннің аяғындағы ақша қалдығы, келесі күннің басындағы ақша қалдығына сәйкес келуге тиіс.

Кассалық ордерлермен ақшаны қабылдау және беру, тек қана құжат жасалған күні іске асырылады. Кассалық ордерді алғаннан кейін, кассир міндетті түрде бас бухгалтердің қолының бар жоғын және оның шынайылығын, сонымен қатар мекеме басшысының рұқсаты бар ма, жоқ па және қосымша құжаттардың дұрыс толтырылып, толық болуын тексеруге міндетті. Егер

аталған талаптардың ең болмаса біреуі сақталмаған болса, онда кассир құжаттарды толық рәсімдеп әкелу үшін бухгалтерияға қайтарып береді. Кассирге өз міндетін басқа біреуге орындауға тапсыруына қатаң тыйым салынған.

Мекеме басшысы, кассаны кенеттен тексеріп отыру үшін, комиссия құрып,оның уақытын белгілейді. Онымен қоса ондай тексерулер тоқсан сайын кем дегенде бір рет жүргізілуге тиіс.

Еңбекақы, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар мен сыйлықтар төлеу, ақшаны беру мерзімі жалпы сомасы жазу түрінде көрсетілуімен ұйым жетекшісі мен бас бухгалтер қол қойған төлем ведомостері бойынша жүзеге асырылады. Оның қас бетінде (титул) ақша беретін мерзімі мен оның жалпы сомасы көрсетіледі және оған басшы мен бас бухгалтер қол қояды.


Банктен ақша алғаннан кейін үш күн өткеннен соң, кассир төлем тізімдемесіне еңбекақысы бойынша тиесілі сомасын алмаған адамдардың аты-жөнінің тұсына мөртаңба соғады немесе «Депозитке салынды» деп қолмен жазып, белгі соғады, берілген сома төленбеген жалақы тізіміне енгізіледі; тізімдемеде нақты төленген сома мен депозитке салынуы тиісті сома жазылады. Егер төлемді кассир емес, өкілетті адам жасайтын болса, төлем тізімдемесінде: «Тізімдеме бойынша ақша таратқан (қолы)» деген жазу жазылады. Касса ордерлерінде өшіріп жазуға, бүлдіруге және түзетуге жол берілмейді.

Кассадағы сақталатын ақша қаражаттары мен қатаң есептегі бланкілеріне тексеру, есеп саясатында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі. Оны ұйым жетекшісі тағайындайтын комиссия жүргізеді. Тексеру нәтижелері қолға берілетін ақша қаражаттарын түгендеу актісімен және құндылықтарды түгендеу тізімдемесімен және қатаң есептегі құжаттар бланкілермен рәсімделеді.

Кассада анықталған артық шыққан ақша қаражаттары кіріске алынады, кем шыққан ақша қаражаттары кассирден өндіріледі. Қолға берілетін ақшадан өзге, кассада акциялар, мемлекеттік зайымдардың акциялары, вексельдер, чек кітапшалары, өзге де бағалы қағаздармен қатаң есептегі бланкілер сақталуы мүмкін. Қатаң есептегі бланкілерге мыналар жатады: асханадан тамақ алуға, емдеу профилактикалық ас қабылдауға берілетін абонементтер, қызметкерлерге тегін арнайы тамақ босатуға арналған талондар (сүт немесе соған тең тамақ өнімдері) және басқа да билеттер, таландор, абонементтер және қатаң есептегі өзге де бланкілер, материалдық құндылықтар ретінде, оларды сатып алынған нақты өзіндік құны бойынша 1350 «Өзге қорлар» шотында есепке алынады. Материалға жауапты тұлғалар бланкілер есебінен кіріс-шығыс кітабында қатаң есептегі бланкілер есебі бойынша әрбір атауы және нақты құны бойынша жүргізіледі. Бланкілердің кіріс және шығыс операциялары қатаң есептегі бланкілерде кіріс шығыс (накладной) құжатымен рәсімделеді. Материалға жауапты тұлға ай сайын бухгалтерияға қатаң есептегі бланкілердің қозғалысы туралы есеп береді. Белгілерді (бланкілерді) өткізуге дайындау кезінде, субъект жетекшісі арнайы тағайындайтын комиссия материалға жауапты адамның қатысуымен қапшықтарды ашып, бланкілерді әр парақ бойынша түгендеп, санап

шығады. Ашылған қапшықтағы бланкілерді парақтап санап шығу кезінде анықталған нәтижелер абонементтерді, талондарды және өзге де белгілерді тексеру нәтижелері туралы актіге жазылады.

Кассалық операциялар есебін компьютерлендіру кезінде, сондай-ақ кассалық құжаттарды өңдейтін бағдарламалық құралдар жұмысының дұрыстығына тексеру жүргізіледі. Оның бұзылуына кінәлі тұлғалар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады. Ақша қаражаттары мен қатаң есептегі бланкілерді тексеру нәтижелері қолға берілетін ақша қаражаттарын түгендеу актісімен және құндылықтар мен қатаң есептегі құжаттар бланкілерін түгендеу тізімдемесімен рәсімделеді. Кассада анықталған артық шыққан ақша қаражаттары кіріске алынады. Бұл операция дебет бойынша 1010 «Кассадағы теңгемен ақша қаражаты» шотында және кредит бойынша 6280 «Басқа да кірістер» шотында көрсетіледі. Кем шыққан ақша қаражаттары мен бағалы қағаздар кассирден өндіріледі. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың негізгі нысандарын 2 суретте қарастырамыз.



2-ші сурет - Қолма-қолсыз есеп айырысудың негізгі инструменттері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [2]

2-ші суреттегі Төлеуші мен алушылар өзара есеп айырысу нысандарын келісім-шарт негізінде анықтайды, сондай-ақ олардың арасында болатын талаптары мен міндеттемелерді зачетқа да жатқыза алады.

Төлем тапсырмаларымен есеп айырысу. Төлем тапсырмалары онда көрсетілген соманы бенефициардың ақшаны аударғаны туралы тапсырмасы болып табылады. Қызмет пен жұмысты және қорларды өтеу үшін есеп айырысу кезінде, сондай-ақ қызмет пен тауарға алдын-ала төлем жасаған кезде, аванстық төлемдер жасаған кезде төлем тапсырмаларын пайдаланады. Төлем жасаушы банкке белгіленген нысандағы банкілердегі төлем тапсырманы ұсынады. Тапсырмаларға қоса төлем жасаушы банктің талап етуі бойынша салынатын

салықтың шот-фактуралары және төлемдердің мақсатын растайтын басқа да құжаттары бірге тапсырылады. Төлем тапсырмалары жазылып берілген күннен бастап 10 күн бойы күшінде болады (жазылған күні есепке алынбайды). Төлем тапсырмалары төлем жасаушының шотында қаражат болғанда ғана орындуға қабылданады. Төлем құжаттарын электрондық түрінде де, қағаз ретінде де ұсынуы мүмкін. Бұл құжаттардың данасын әрбір банк өздері дербес анықтайды. Негізінен алғанда, олар екі данада толтырылады, біріншісі банкте қалдырылады да, оның электрондық көшірмесі бенефициарға жіберіледі, ал екіншісі иесіне, яғни, ақшаны жіберушіге қол қойылып, штамп басылып қайтарылады. Төлем тапсырмасын толтыру кезінде келесі реквизиттер (көрсеткіштері) көрсетіледі:

- төлем тапсырмасының нөмірі;
- төлем тапсырмасының жазылған күні;
- жіберуші мен бенефициар ЖСК (БИН);
- бенефициардың және жіберушінің коды (КБе) – бұл кодтар екі символдан тұрады: біріншісі – резиденттік белгісін, ал екіншісі – экономиканың секторын көрсетеді;
- бенефициар банкісі- бенефициардың пайдасына келіп түскен ақша қаражатын қабылдайтын банк жіберушімен жасалған келісім-шарттың негізінде;
- жіберуші мен бенефициардың банкі шоттарының нөмір (ЖТК немесе ИИК);
- бюджеттік классификациясының (жіктемесінің) коды – салықтарды төлеуге қойылатын код;
- валюттелген күні – ақша қаражатын бенефициардың (алушының) банктік шотына ақша қаражатын аударған күні төлем жасаушының нысанымен анықталады.

Төлем құжатына кез келген жөндеудің түрін жасауға рұқсат етілмейді. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы жасалған келісімдері бойынша төлем тапсырмалары: жедел мерзімді, мерзімінен бұрын және мерзімі кейінгі қалдырылған болып бөлінуі мүмкін. Жедел мерзімді төлем мынадай нұсқалар бойынша жүзеге асырылады: аванстық төлем, яғни, тауар тиелгенге дейін; тауар тиелгеннен кейін, тауарлар үшін шоттарды тікелей акцептеу жолымен; ірі мәмілелер кезіндегі ішінара төлемдері. Мерзімінен бұрын немесе мерзімі кейінге қалдырылған тқлемдер шарттық қатынаста аясында тараптардың қаржылық жағдайына зиян келтірілмейтіндей етіп жасалуы керек.

Чектермен есеп айырысу. Чек беру төлемді жүзеге асырудың бір тәсілі, онда төлем чек беруші аттас төлем құжатын ұстаушыға беру жолымен жасайды. Чек беру өз мәні бойынша чекті ұстаушының ақшалай міндеттемесін орындау болып табылмайды, бірақ ол соны орындай үшін жазылған болса да. Аталған міндеттемені орындау тек чек бойынша ақшаны алатын кезде ғана болады. Чектер жабылатын және жабылмайтын болып бөлінеді. Біріншісі – депозиттермен қамтылған, ал екіншісі – қамтылмаған болып бөлінеді. Бұл кезде чектердің төленетіндігі жөнінде банктердің кепілдік беруі мүмкін, оның ішінде жабылмайтын чектер бойынша да. Чекті қолданумен байланысты банк пен чек

берушінің міндеті мен құқығы, чекті қолдану туралы жасалған келісім-шарттың негізінде шығады, яғни, бұл келісімде банк өз клиенттеріне чек берушіге (заңды және жеке тұлға) чегін төлеуді, чек берушінің міндетін өзіне алады, ал клиенттер өз кезегінде банкі белгіленген (демек чектерді беру мен пайдалану) ережелерін сақтауға міндетті.

1.2 Ақша қаражаттарының қозғалысын талдау әдістемесі

Ақшаны талдау және ақша қаражаттарын басқару – бұл бас бухгалтердің ең маңызды іс-әрекеттерінің бірі. Ол ақша айналымының уақытын (қаржылық цикл) есептеу, ақшалай қаражаттардың қозғалысын талдау, болжау, қолма-қол ақшаның оңтайлы деңгейін анықтау, бюджет қаражатын бөлу және т.б. ағылшын экономисті Джон Кейнстің айтуы бойынша, ақша ағынының маңыздылығы келесідей үш негізгі себеппен анықталады:

- жарамдылық қолма-қол ақшалар ағымдағы операцияларды жүргізу үшін пайдаланылады; өйткені кіріс және шығыс ақша қозғалысы арасында әрдайым уақыт кетеді, компания үнемі ағымдағы шотқа ақшаны бос ұстауға тиіс;
- сақтық шарасы – кәсіпорынның қызметі қатаң алдын ала анықталмаған, сондықтан төлемдер күтпеген төлемдерді жасау үшін қажет;
- ерекшелігі – ақша қаражаты алыпсатарлық себептерге байланысты қажет, өйткені әрдайым нөлдік ықтималдығы бар, бұл тиімді инвестиция мүмкіндігі кенеттен пайда болады.

Сонымен қатар, ақша қаражаты түрінде қаржы ресурстарын мобилизациялау белгілі бір шығынмен байланысты – белгілі бір дәрежеде шартты болған кезде олардың құны кез-келген қолда бар инвестициялық жобаға қатысудан жоғалған пайда мөлшері болғанша бағалануы мүмкін. Осылайша, кез-келген кәсіпорын екі бір-бірімен ерекше жағдайларды ескеруі тиіс: ағымдағы төлем қабілеттілігін қолдау және ақшаны инвестициялаудан қосымша пайда алу. Сондықтан ақша басқарудың негізгі міндеттерінің бірі олардың орташа ағымдағы теңгерімін оңтайландыру болып саналады.

Ақшаны пайдалануды талдау ақша түсімдерін және төлемдерді болжауға, төлемдер кестесін жасауға мүмкіндік береді. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат қаржылық икемділікті талдауға көмектеседі. Қаржылық икемділік – күтпеген жағдайлар туындаған кезде немесе ақшаны алу үшін қолайлы жағдайларды пайдалану мүмкіндігінде компания тез ақша алуға қабілетінің болуы. Бұдан басқа, ақшалай қаражаттардың қозғалысын талдау компанияның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді. Ұйымның қаржылық жағдайының негізгі сипаттамалары – төлем қабілеттілігі мен өтімділігі.

Ақырғы есептік ақпараттардың аналитикалық және сенімділігін жетілдіру мақсатында басшылық ақша қаражаттарының ақшалай баламаларын көрсетуі мүмкін. Қазақстан Республикасында ақшалай теңгерім тұжырымдамасы жоқ. ҚЕХС-қа сәйкес, ақшалай қаражаттардың баламалары


қысқа мерзімді жоғарғы өтімді инвестициялар болып табылады, олар тез және ең төменгі шығындармен ақшаға айналады және олардың құнының өзгеруіне тәуелді болады. Есепті кезеңде шетел валютасымен жасалған мәмілелер бойынша теңгеге қатысты оң және теріс айырбас бағамы айырмасының теңгеріміне сілтеме берілген. Ақшалай қаражаттардың қозғалысы есепке алынбайды, өйткені олар ақша қаражаттарының таза ағындарының құнын өзгертпейді.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың әдістері дегеніміз ұйымның қызметін математикалық, статистикалық, есептік және ақпараттарды өңдеудің басқа тәсілдерін қолдана отырып, кешенді органикалық өзара байланысты зерттеу.

Қаржылық жағдайды талдау нақты әдістерді қолдануда болжамдайды, оларды бірі балансты «оқу» немесе абсолюттік көлемдеді зерделеу болып табылады. Баланстың мазмұнын оқу немесе танысу:

- қаражаттардың негізгі көздерін;
- қаражаттар салымының негізгі бағытарын;
- ұйымның мүліктік жағдайын және оның қамтамасыз етілуін бағалауға жағдай жасайтын қаражаттар мен көздердің және басқа сипаттамалардың арақатынасын бегілейді.

Бірақ абсолюттік мөлшерде ұсынылған ақпарат көрсеткіштер динамикасын нақты анықтауға мүмкіндік бермейді және шешімді негіздеу үшін жеткіліксіз. Сондықтан абсолюттік мөлшерлер мен бірге қаржылық жағдайды талдау кезінде салыстырмалы көрсеткіштерді есептеуді және бағалауды болжайтын талдаудың әртүрлі тәсілдері қолданылады (3-сурет).




3-сурет. Қаржылық жағдайды талдау әдістері.
Ескерту - авторлармен құрастырылды [3]

Көлденең және тікелей талдаулар бір бірін толықтырады. Сол себепті кестелер көбінесе есеп беру формасының құрылымы мен оның жеке индикаторлар динамикасын сипаттайтын болады.

Қаржылық талдау тәжірибесі қаржы есептілігін оқуға арналған негізгі ережелерді ұсынады. Соның ішінде келесідей негізгі әдістерді бөліп қарастырады: трендтік; коэффициенттер; салыстырмалық(кеңістік); факторлық.


Трендтің көмегімен болашақта индикаторлардың ықтимал құндылықтары қалыптасады, сондықтанда болжамды талдаулар жүргізіледі (4-сурет).



4-сурет. Қаржылық жағдайды талдау әдістері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [4]

Нарықтық экономикадағы қаржылық талдаудың ең кең таралған әдісі әртүрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер олар салыстырмалы шамалар болып табылады. Оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынас ретінде көрсетіледі (5-сурет).



5-сурет. Қаржылық жағдайды талдау әдістері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [5]

2 «Сәулет құрылысы» ұйымындағы ақша қаражаттары қозғалысының есебі мен талдауын ұйымдастыру

2.1 «Сәулет құрылыс» мекемесінің негізгі қызметінің сипаттамасы

«Сәулет құрылыс» мекемесі 2007 жылы құрылды. Ұйымның негізгі қызметінің бағыты болып: тұрғын үйлердің, өнеркәсіптік және азаматтардың ғимараттарының, ғимарат пен құрылыстардың капиталды және ағымдағы құрылыстық жұмыстарын жөндеу, әлеуметтік-мәдени және өндірістік объектілердің меншікті негізгі құралдарын (құрылыс-монтаж, көліктік техника, өнеркәсіптік база) жөндеу, сонымен қатар маманданырылған қызметкерлермен жеткілікті қамтамасыз ету болып табылады.

«Сәулет құрылыс» мекемесі 21.02.11 жылғы 13-ГСЛ №004415 ҚР экономика және сауда министрлігінің құрылыс істері бойынша Комитетінің Мемлекеттік лицензиясы негізінде қызмет атқарады.

«Сәулет құрылыс» мекемесінің басты артықшылығы оның өз құрылыс техникасының және маманданған еңбек ресурстарының болуы. Құрылыс-монтаждық қызметтер бойынша қызмет көрсетуге арналған келісім-шарттар келесі шарттар негізінде жасалынады:

- төлем ақы жұмысты қабылдау актісінің негізінде құрылыс-монтаждық жұмыстардың фактілік орындалған көлемі үшін жүргізіледі;
- төлем жүргізу нысаны қолма-қол ақшасыз;
- тапсырыс беруші алдын-ала төлемді келісімге қол қою сәтінен бастап 3 күннің ішінде келісім құнының 50%-ы шамасында жасайды.

«Сәулет құрылысы» мекемесі құрылыс нарығына асфальтты бетон қоспасын ұсынады. Асфальтты бетон – бұл цемент немесе битумға толтырғыш элементтерінен (қиыршық тас, құм) құралған қоспадан өндірілген құрылыс материалы.

Кәсіпорын асфальтты бетон қоспасының үш түрін 1-кестеде көрсетілген: ірі түйіршікті, ұсақ түйіршікті және құмды асфальтты бетон. Олардың қысқаша сипаттамасы төменгі кестеде көрсетілген.

1 - кесте - Кәсіпорын өнімі мен оның сипаттамасы

Түрі	Сипаттамасы
Ірі түйіршікті асфальтты-бетон	Асфальтты бетон қоспасы битумға негізделген тығыз немесе кеуекті болады. Оның өлшемі 40 мм. Бұл әдетте жол құрылысын жөндеуге қолданылады.
Ұсақ түйіршікті асфальтты-бетон	Битум бұл әр түрлі тығыздықтағы асфальтты бетон қоспасы. Өлшемі 20 миллиметр. Негізінен жол құрылысы мен жөндеу үшін қолданылады.
Құмды асфальтты бетон	Битум негізіндегі түрлі тығыздықтағы асфальтты бетон қоспасы. Қалыңдығы 5 мм-ге дейін. Бұл қоспа жаяу жүретін құрылғылар мен тротуарларға қолданылады.
Ескерту – авторлармен құрастырылған [6]	

«Сәулет құрылыс» ұйымының маркетингтік стратегиясы. Құрылыс – монтаждық жұмыстардың көлемдерін және нарықтағы үлесін ұлғайту үшін республика аумағында келесі шаралар өткізіледі: жолдардың құрылысы маусымдық сипатқа ие, сондықтан еңбек өнімділігін ұлғайту мақсатында көктемгі-жазғы маусымда материалдар мен шикізаттың сатып алулары (щебень, битум, асбокрошка, трансформаторлық май), техниканың және өндірістік құрал-жабдықтардың жетілдірілуі жүргізіледі.

2.2 Ақша қаражаттар қозғалысының есебі

Шоттардың типтік жоспарына сәйкес ақшалай қаражаттардың есебі үшін 1000 «Ақша қаражаты» бөлімшесінің келесідей шоттары арналған(6-суретте):



6-сурет – «Ақша қаражаты» бөлімшесінің шоттары
Ескерту - авторлармен құрастырылған [7]

Үлгілік жоспар жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 02.10.2018 № 877 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Сәулет құрылысы» мекемесінде кассалық операцияларды арнайы тағайындалған кассир жүргізеді. Ол кассадағы ақшалардың сақталуы үшін материалды- жауапты тұлға болып саналады. Және ақшаларды қабылдау, сақтау, өткізу мен беруді жүргізеді. Касса операцияларының есебін кассир «Касса кітабында» (ф. №КО-4) жүргізеді, ол нөмірленуге, төленуге және оған сұрау салынуға тиіс болып табылады. Ондағы парақтар санын басшы мен бас бухгалтер қол қойып куәландырады. «Сәулет құрылысы» мекемесінің

кассасынан банкке ақша өткізілген кезде 1030 «Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты» шотының дебеті және 1010 «Кассадағы ақша қаражаты» шотының кредиті бойынша жазу беріледі. Ұйымда кассирдің материалдық жауапкершілігі жөніндегі ұйым төрағасымен кассир арасында келісім шарт жасасады. Онда кассир мен төрағаның міндеттері мен жауапкершіліктері көрсетіліп, екі данадан толтырылады. Және тараптардың қолдары құндылықтарды қойылған болуы тиіс.

Касса бойынша операциялардың, яғни 1010 шоттың дебеті мен кредиті есебін кассир жүргізеді. Корреспонденцияланған шоттардың сомалары біріктіріледі. Айдың аяғында есепті айдан кейінгі бірінші жұлдызына регистрлердегі қалдық шығарылады, ол кассирдің есебіне және бас кітаптағы 1010 шоттың қалдықтарына сәйкес келуге тиіс. «Сәулет құрылысы» мекемесі кассадағы ақша қаражаттарын есепке алып отыру үшін 1010 «кассадағы ақша қаражаттары» шоты арналған. Ол кассадағы ақшаның нақты бары және қозғалысы туралы мәліметтерді жинақтауға арналған. Шоттың дебеті бойынша 1040 «Корреспонденттік шоттарындағы ақша қаражаты», 1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», 1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шоттарымен корреспонденциялана отырып, кассаға ақшаның түсуі, ал кредиті бойынша 1040 «Корреспонденттік шоттарындағы ақша қаражаты», 1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», 1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», 3430 «Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» шоттарымен корреспонденциялана отырып, кассадан ақшаның төленуі көрсетіледі (2-кесте).

2-кесте. Кассадағы ақшалар есебі бойынша шоттар корреспонденциясы

Операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
	Дебет	Кредит
Өнімдерді (қызметті, жұмысты) сатудан табыс алынды	1010	6010
Басқадай активтерді сатудан табыс алынды	1010	6210
Ағымдағы банктік шоттан кассаға ақша алынды	1010	1030
Алдағы кезең табыстары алынды	1010	3520,4420
Есеп беруге тиісті тұлғадан алынды	1010	1250
Аванстар алынды	1010	3510, 4410
Кассадан банктік шотқа ақша тапсырылды	1030	1010
Басқадай кредиторлық қарыздар төленді	3390	1010
Іс-сапар шығындарына, шпруашылық шығындарына ақша берілді	1250	1010
Кассадан еңбекақы берілді	3350	1010
Кассадан теңгемен жабдықаушыларға төленді	3310, 4110	1010
Ескерту - авторлармен құрастырылған [8].		

Кестеде бухгалтерлік жазбаларды қарастырдық және кассада анықталған артық шыққан ақша қаражаттары кіріске алынатынын корреспонденциясын береміз. Бұл операция дебет бойынша 1010 “Кассадағы ақша қаражаты” шотында және кредит бойынша 6010 “Өнімді сатудан және қызметтер көрсетуден түсетін кіріс” шотында көрсетіледі. Басқадай активтерді сатудан табыс алынған операцияда дебет бойынша 1010 “Кассадағы ақша қаражаты” шотында және кредит бойынша 6210 «Активтердің шығарылуынан түсетін кірістер» шотында көрсетіледі. Аванстар алынған жағдайда операция дебеті 1010 “Кассадағы ақша қаражаты” шотында және кредит бойынша 3510 "Алынған қысқа мерзімді аванстар", 4410 "Алынған ұзақ мерзімді аванстар" шотында қолданылады.

Банк мекемесі тарабынан қызмет көрсететіні жөнінде белгіленген мерзімде «Сәулет құрылысы» мекемесіне шоттардың көшірмелері жіберіліп отырады. Көшірмелермен бірге банктік шот бойынша жүргізілетін операциялардың негізі болып табылатын есеп айырысу құжаты да бірге беріледі. Көшірмеде ұйымдардың шотындағы қаржының ай басындағы және соңындағы қалдығы және операция бойынша есеп айырысу шотына келіп түскен және шығындалған қаржы сомалары көрсетілген. «Сәулет құрылысы» мекемесі банк мекемесі тарапынан шоттың көшірмесіндегі жазылған сомалардың дұрыстығын және олардың көшірмесімен бірге берілген құжаттармен сәйкестігін тексереді. «Сәулет құрылысы» мекемесінің ағымдағы банктік шотындағы ақшалардың жұмсалуды №2 журнал ордерде, ал шотқа кіріс етілген ақшалардың сомасы осы журналдың (№2 тізімдеме) тізімдемесінде есептелінеді.

Есеп айырысу шоты бойынша операциялардың есебі 1030 "Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты" шотында жүргізіледі. Оның дебеті бойынша ақша қаражаттарының қалдығы мен келіп түсуін, яғни көбеюін көрсетеді, ал кредиті бойынша есеп айырысу шотынан ақша қаражаттарының есептен шығарылуын қарастырады (3-кесте).

3 - кесте. Ағымдағы банктік шоттар корреспонденциясы

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы	
		Дебет	Кредит
1	Кассадан ақшалардың ағымдағы банк шотына түсуі	1030	1010
2	Сатып алушылардың дебиторлық қарыздарын жою есебінен түсуі:		
	- қысқа мерзімді	1030	1210
	- ұзақ мерзімді	1030	2010
3	Қысқа мерзімді несиелер алынды	1030	3010, 3020
4	Жолдағы ақшалар ұйымның есеп айырысу шотына алынды	1030	1030
5	Жарғылық қорды толтыру үшін үлес қосушылардан келіп түскен ақшалар есеп айырысу шотына кіріске алынды	1030	5110
6	. Алынған банк несиесі есеп айырысу шотына кірістелді	1030	3010, 4010

7	. Жабдықтаушылар мен мердігерлердің қарызы қайтарылды	3310, 4110	1030
8	Бюджетке ҚҚС аударылды	3130	1030
9	Бюджетке корпоративті табыс салығы аударылды	3110	1030
10	Басқа да кредиторлық қарыздар жойылды	3390, 4170	1030
	Ескерту - авторлармен құрастырылған [9].		

«Сәулет құрылысы» мекемесі қаржылық жағдайын талдауды мүлтік жағдайын талдаудан бастаймыз, себебі ол кәсіпорын қызметін қаржы жағынан жалпы көрініс береді. Кәсіпорынның мүлік жағдайын талдаудың екі бөлігі бар: баланс активінің құрамының және құрылымның динамикасын талдау мен қалыптасу көздердің құрамы мен құрылымның өзгеруін талдау.

Қаржылық есептің басты элементі ретінде активтерді талдауда олардың құрамы, құрылымы және болған өзгерістері зерттеледі. Жалпы алғанда активтер құрылымын және оның бөлек топтарының құрылымын талдау рационалды орналастыру туралы ойлауға мүмкіндік береді. Активтердің ұлғаюы оның келешек дамуы туралы куәландырады. Дегенмен, кәсіпорын мүлігінің құнының ұлғаюу себептерін талдау баланстық есептің номиналды мәліметтерінің нақты мәліметтерден елеулі ауытқуларын көрсетеді.

Дегенмен, активтерді талдау барысында олардың қалай орналасқанын және есептік кезеңде неге көбірек көңіл аударғанын, өндірістік кәсіпорынның, оны негізгі құралдарының жағдайы қандай екендігін, мүлігінің жұмылдырылуы қандай екендігін анықтау тиіс. Ол үшін, ең бастысы, кәсіпорынның өндірістік әлеуетінің шамасын анықтау қажет, оның анықтамасы бойынша түрлі экономикалық әдебиеттерде түрлі көзқарастар кездеседі. Осылайша, бір әдістеме негізінде оның құнына негізгі қорлардың, өндірістік қорлардың және аяқталмаған құрылыстың құны кіреді.

Кәсіпорынның бухгалтерлік балансының мәліметтері бойынша тік және көлденең талдауларды пайдалану арқылы активтердің орналастырылуы мен құрамын талдау үшін төмендегі кесте құрастырылды (4-кесте)

4 - кесте - «Сәулет құрылысы» мекемесі активтері

№	Көрсеткіштер	Жыл				2017 – 2018 жж. өзгерістер	
		2018		2017			
1		мың, теңге	үлесі, %	мың, теңге	үлесі, %	мың, теңге	үлесі, %
2	Ағымдағы активтер						
3	Тауарлы-материалдық қорлар	7115 482	14,80	4731 612	11,98	2383 870	50,382
4	Дебиторлық берешек	2082 152	4,33	1453 046	3,68	629 106	43,296
5	Алынған аванстар	425539	0,89	316 802	0,802	108 737	34,323

6	Басқа қаржылық активтер	0	0	2683 160	6,80	- 2683160	-100
7	Басқа да ағымдағы активтер	609 201	1,27	492 979	1,249	116 222	23,575
8	Банктік депозиттер	99 077	0,206	804	0,002	98 273	12223
9	Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	1555239	32,351	1054108 2	26,7	5011 277	47,54
10	Сатуға арналған жіктелген активтер	1 929	0,004	1585 284	4,015	-1583 355	-99,88
11	Ұзақ мерзімді активтер						
12	Негізгі құралдар	21525 27	44,78	1750449	44,336	4021 258	22,973
13	Материалдық емес активтер	66 107	0,138	50955	0,129	15 152	29,736
14	Инвестициялық жылжымайтын мүлік	507 889	1,06	0	0	507 889	0
15	Алынған аванстар	20 500	0,043	53 307	0,135	-32 807	-61,54
16	Гудвид	68 026	0,142	68 026	0,17	0	0
17	Барлығы	48 073 988	100	39 481 526	100		

Ескерту - авторлармен құрастырылған [10].

Жоғарыдағы кестенің мәліметтерін талдай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: 2017 жылға қарағанда 2018 жылы барлық активтердің құны 116 222 мың теңгеге ұлғайды.

Кәсіпорынның негізгі құралдарының қалдық құны 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 4 021 258 теңгеге ұлғайды.

Бұл ұлғаю кәсіпорынның дебиторлық берешегінің 5,2 есе ұлғаюынан болды. Кәсіпорынның ақша қаражаттары 2017 жылға қарағанда 2018 жылы 2575 мың теңгеге ұлғайды, ал 2018 жылмен салыстырғанда 2017 жылда ақша қаражаттарының 3319 мың теңгеге төмендеуі байқалды. Қарастырылатын кезең ішіндегі ақша қаражаттарының жалпы төмендеуі 30,59%-ды құрады. Ақша қаражаттарының төмендеуінің себебі болып келешек кезең шығындарының ұлғаю табылады, ал олардың өсімі 53,24%-ды құрады.

2.3 Ақша қаражаттары қозғалысын талдау

«Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысының талдауы және басқаруы ақша қаражатының айналым уақытын есептеуді (қаржылық

цикл), ақша ағынын талдауды, оны болжауды, ақша қаражатының оңтайлы деңгейін анықтауды, ақша қаражатының бюджеттерін және т. б. қамтып жатқызуымызға болады. Қажетті деректер бухгалтерлік есептілік нысандарынан алынады: "Бухгалтерлік баланс" және "ақша қаражатының қозғалысы» туралы есеп (5-кесте).

5 - кесте - «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысы

№	Көрсеткіштер	Индикаторлардың мәндері		Көлденең талдау		Тікелей талдау	
		2017 год	2018 год	Абсолютті өзгеріс, Δ	Салыстырмалы өзгеріс %, Δ	2017 ж. үлесі	2018 ж. үлесі
1	Түсім	48 740 802	41 215 586	100	100	7 525 216	18,258
2	Өзіндік құны	30 330 090	23 886 429	62,2	57,9	6 443 661	26,976
3	Жалпы пайда	18 410 712	17 329 157	37,8	42,05	1 081 555	6,2412
4	Өткізу бойынша шығыстар	10 716 416	9 247 169	21,98	22,4	1 469 247	15,888
5	Жалпы және әкімшілік шығыстар	3 909 278	3 269 222	8,02	7,93	640 056	19,578
6	Операциялық пайда	3 785 018	4 812 766	7,8	11,7	-1 027 748	-21,35
7	Қаржыландыру бойынша шығыстар	(1 917 202)	(1 917 817)	3,93	4,7	615	-0,0320
8	Бағамдық айырмадан (залал)/кіріс	(70 795)	327 668	-0,14	0,8	-398 463	-121,60
9	Инвестициялық шығындар/кірістер	(157 621)	17 919	-0,32	0,043	-175 540	-979,63
10	Басқа да кірістер/шығындар	158 935	(1776 939)	0,33	-4,3	1 935 874	-108,94
11	Салық салынғанға дейінгі пайда	1 798 335	2 183 600	3,7	5,3	-385 265	-17,643
12	Табыс салығы бойынша шығыстар	(773 675)	(486 998)	1,6	1,2	286 677	58,866
13	Бір жылдағы пайда	1 024 660	1 696 602	2,1	4,12	-671 942	-39,60
14	Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс	3 657 507	0	7,5	0	3 657 507	0

15	Шетелдік бөлімшені есептілік валютасына қайта есептеуден бағамдық айырма	(91 564)	(288 334)	0,19	0,7	196 770	- 68,24 3
16	Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс/(залал)	3 565 943	288 334	7,3	0,7	3 277 609	1136, 74
17	Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны	4 590 603	140 868	9,4	0,341	4 449 735	3158, 798
18	Акцияға пайда	326	538	0,00066 9	0,0013	-212	- 39,40 5
Ескерту : авторлармен құрастырылған [11].							

Осындай есептеулерді «Сәулет құрылысы» мекемесінің ақша қаражаттар қозғалысының талдау кезінде, 2017 жылдан бастап 2018 жылға дейін түсімдегі жалпы пайда үлесі 37,8% - дан 42,05% - ға дейін төмендейді және сонымен бір мезгілде өнімнің өзіндік құны артады. Әрине, бұл жағымсыз белгі, бұл жағдайда шығынның өсуі мен мекеме өніміне босату бағасының төмендеуін айғақтайды. «Сәулет құрылысы» мекемесі бойынша пайда мен шығындар туралы есептің көлденең талдауын көрсеттік Бұл талдауды бірнеше жыл ішінде жылдар бойынша жүргізу жақсы. Бұл көрсеткіштерді өзгертудегі ұзақ мерзімді үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

Кестелердің деректері басшылық пен оның акционерлері (инвесторлары) мүдделі бағалы басқару ақпаратынан тұрады. Оның көмегімен кәсіпорын басшылығы ағымдағы төлем қабілеттілігін бақылай алады, оны тұрақтандыру бойынша жедел шешімдер қабылдай алады, қосымша инвестициялар мүмкіндігін бағалай алады. Кредиторлар кәсіпорындағы қаражаттың жеткіліктілігі және оның төлемдер үшін қажетті ақша қаражатын генерациялау қабілеті туралы қорытынды жасай алады. Акционерлер (инвесторлар) кәсіпорындағы ақша ағындарының қозғалысы туралы ақпаратқа ие бола отырып, пайданы бөлу және пайдалану саясатын әзірлеуге негізді түрде кірісуге мүмкіндігі бар.


3 Ұйымның ақша қаражаттарының аудиті, жоспары және бағдарламасы

3.1 Ақша қаражаттарының сыртқы аудитін ұйымдастыру

Ақша қаражаттары дегеніміз – шаруашылықтың кассасындағы және банктердегі шоттардағы нақты ақшалар. ҚР ҰБ-нің нормативтік актілерге және басқа да заң актілерінің талаптарына сәйкес барлық шаруашылық жүргізуші өз мекемелеріндегі шоттарда сақтауға міндетті. Шаруашылық күнделікті қажетін өтеу үшін қалдырылған ақша қаражаттары, Ұлттық Банкпен белгіленген көлемінде шаруашылықтың кассасында сақталуы тиіс.

Аудитор ақша қаражаттарының есебіне тексеру жүргізген кезде, құжаттары бойынша жүргізілетін жаппай тексеру әдісін қолдануға тиісті. Аудитор ақша қаражаттарының сақтау және заңды тұлғалармен есеп айырысу үшін ҚР-ның және шетелдік банк мекемелерінде ұлттық және шетелдік валютада ашылған шоттарын анықтауға міндетті. Сонымен қатар шаруашылықтың ішіндегі кассалардың саны да қоса анықтайды.

Шаруашылықтағы ақша қаражаттарының есебінің тиімділігін арттырып, талапқа сай жүргізуіне әсер ететін фактор болып табылады. 7- суретте уақытылы жүргізілгенін түгендеудің қалай жүргізу керектігін анықтаймыз.




7-сурет. Аудитор түгендеудің материалдарымен танысамыз
Ескерту - авторлармен құрастырылды [12]

7-ші суреттегі ақпараттар бойынша:

- түгендеу ақша қаражаттарына және басқа да ақшалай бағаланып номиналды құндылығы жазылған құндылықтарға жүргізіліп;
- түгендеу актісінде көрсетілген нақты қолда бар ақша қаражаттары, құндылықтарды, ақша қаражаттарын сол түгендеу жүргізілген күні берген есеп мәліметтерімен салыстырылып нәтижесінің шығарылғандығын тексереді.

8-ші суретте жол үстіндегі ақша қаражаттарын түгендеуді қарастырамыз.



8-сурет. Жол үстіндегі ақша қаражаттарына түгендеу жүргізу
Ескерту - авторлармен құрастырылды [13]

Функционалдық аудиттің арнайы әдіс- тәсілдері көмегімен ақшаны басқаруды, бағалы қағаздардың тиімділігін арттыру мен ұйымдастыруды жақсартудың әр түрлі резервтерін ашуға болады.


Ақшалай қаражат пен, әсіресе оның жылжымалы бөлігі – қолма-қол ақшамен (еңбекақы бергенде, өндірістік шығындарды төлегенде, есеп берілетін сомманы беру мен пайдалануда және т.б.) жасалатын операциялар – міндетті тұтастай тексеруді талап етеді. Ықтимал бұрмалаулар мен қызмет бабын теріс пайдалану деректерін анықтау кассалық банк операцияларын бақылаудың маңызды міндеті.

Іс тәжірибеде кездесетін, жасалу тәсілдері бойынша кассалық банк операцияларының атқарылуы мен шот төлемдері үдерісіндегі қызмет бабын теріс пайдалану мен бұрмалаулар былайша жіктеледі:

1. Рәсімделген құжаттармен және қолхаттармен жасалынған және ештеңемен жасылылмаған ақшалай құжатты тікелей ұрлау.
2. Банктен, әр түрлі тұлғалар мен ұйымдардан кіріс ордерлері байынша басқа ұйымдардан сенімхат бойынша түскен ақшаны кіріске алмау және иемдену.
3. Кассадағы ақшаны есептен шығару, бір құжатты қайтадан пайдалану, кассалық құжаттар мен есептерді жиынтықты дұрыс есептемеу.
4. Ақшаның жалған құжаттар бойынша негізсіз есептен шығару сомасын көбейту, заңды рәсімделген құжаттардағы жалғандық.
5. Әр түрлі тұлғалар мен ұйымдарға заңды есептен соманы сіңіріп кету, соның ішінде еңбекақыны, депонентті сомман негізсіз иелену.

6. Контрагенттермен дайын өнім, тауар үшін қолма-қол ақшамен есеп айырысу, бақылаушы кассалық ақпараттарды қолданбай жұмыс орындау мен қызмет көрсету және т.с.с.

Сонымен қатар ақша қаражаттар аудитінің қалай жүргізілетінін көрсетеміз 9-сурет.



9-сурет Ақша қаражаттарының аудитінің бағыттары
Ескерту - авторлармен құрастырылды [14]

9-ші суретте осылайша ұйымның ақша қаражаттары қозғалысын тексеру, оның аудитін жүргізудің маңыздылығы жоғары деп айтуға болады.

Аудиторлық тексерудің бастапқы кезеңі жоспарлау болып табылады. 10-суретте аудитті жоспарлау міндеттеме-хат қол қоюға дейін және экономикалық субъектімен келісім шарт жасалғанға дейін басталады.




10-сурет. Аудиторлық жоспарлаудың жалпы мақсатын қарастырдық
Ескерту - авторлармен құрастырылды [15]

Аудитті жоспарлау процесі бірнеше кезеңнен өтеді:

- 1) Алдын ала жоспарлау;
- 2) Жалпы жоспарды дайындау және құру;
- 3) Бағдарламаны дайындау және құру.

11-суретте аудиторлық ұйымдар жоспарлау кезінде кешенділік, үздіксіздік және тиімді сияқты бір қатар қағидаларын қалай сақтау қажет екенін көрсеміз.




11-сурет. Жоспарлау қағидалары
Ескерту - авторлармен құрастырылды [16]

Әдетте, жоспарлауға уақыттың көбірек үлесі бөлінеді (қайталанған аудитте – 5-10%; алғашқы аудитте – 20-25% және одан да жоғары), олар аудиторлық тексеруге жұмсалады.

Жоспарлау көлемі әр нақты жағдайда клиентпен жүргізетін жұмыс шартына байланысты. Сапалы жоспарлауға жұмсалған уақыт және күш тексеруге кететін уақыт пен күшті үнемдеп, нәтиже сенімділігін жоғарылатады.

Аудитор шаруашылықтың есеп айырысу шоттарының және кассаларының құрылымымен танысқаннан кейін, ақша қаражаттарының есебін тексерудің аудиторлық бағдарламасын жасайды.

Бағдарламада тексеруді талап ететін мәселелер ретімен жазылып, тексеру барысында басшылыққа алынып, кездескен фактілерге байланысты толықтырулар мен түзетулер енгізіліп отырады. Әрі қарай 12-суретке назар аударсақ бағдарламаны тізіп көрсеттік.




12-сурет. Ақша қаражаттарының аудиторлық бағдарламасы
Ескерту - авторлармен құрастырылды [17]

Ақша қаражаты жедел жайылатын активтерге жатады және касса мен банк шоттарында жатқан қолма-қол ақша қаражаттары болып табылады. Ақша қаражаттарының аудиторлық тексеру бағдарламасы аудиттің 13- суретте көрсетілген процедураларынан тұрады.

Бұл процедуралар – бірыңғай операциялар тестінен, шоттардың сальдосы мен талдамалық процедураларынан тұрады.

Ақша қаражаттары операцияларын жүргізу заңнамалық, жалпы мемлекеттік, ведомстволық және басқа нормативтік актілермен жеткілікті түрде қатаң реттелген.

Ерікті аудит кәсіпорын тарапынан өз еркімен жүргізіледі. Бұл жағдайда аудит тексеруінің көлемін сонымен қатар қойылатын талапты кәсіпорын шешеді. Міндетті аудит мемлекет құрылымының арнайы анықталған шешімі бойынша жүргізіледі. Көбінесе бұл жағдайда заң орындары кәсіпорынға аудит тексеруін жүргізуді анықтайды. Тексеруді жүргізу тәртібі, жұмыс көлемін заң орыны тапсырады талап етеді. Шаруашылық субъектісінің кәсіпкершілігінің көрсеткіштерін тексеруді заң орындары.



13-сурет. Ақша қаражаттарының аудиторлық тексеру бағдарламасы
Ескерту - авторлармен құрастырылды [18]

13-ші суретте жалпы аудитте ақшалай операцияларды тексеру тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Мұндай бұрмалаулар мен теріс пайдаланулар кассирді дұрыс іріктемеу, (тәжірибесіз және сенімсіз), кассаны жүйелі тексермеу, ішкі бақылаудың нашарлығы және т.с.с. салдарнан болады.

Ақша қаражаттары аудитінің күрделі учаскелерінің бірі – кассалық операцияларды тексеру. Ең алдымен кассадағы кассалық операцияларды кім және қалай атқаратынын білу керек. Тексерудің қорытындылары аудитор, бас бухгалтер және кассир қол қоятын акті жасаумен ресімделеді. Ақшалай қаражаттың немесе ақшалай құжаттың және басқа құндылықтардың артық шығуы немесе кем шығуы анықталған жағдайда кассирден жазбаша түсініктеме алу керек. Ақшалай құжаттың көп жетпеуі табылғанда, аудитор кәсіпорын басшысына кассирді тексеру анықталғанша қызметінен шектету туралы мәселе қояды.

Аудиттің түрлерін зерттеудің зор әдістемелік маңызы бар. Аудиттің түрлері субъект ретінде ішкі және сыртқы аудит болып бөлінеді. Заңдылық тұрғыдан ерікті және міндетті болып, ал жұмыс көлеміне қарай толық және бөлікті тексеру болып, ал техникалық орындау тұрғысынан қол жұмысы түрінде және компьютерді пайдалану болып бөлінеді.

Ерікті аудит кәсіпорын тарапынан өз еркімен жүргізіледі. Бұл жағдайда аудит тексеруінің көлемін сонымен қатар қойылатын талапты кәсіпорын шешеді. Міндетті аудит мемлекет құрылымының арнайы анықталған шешімі бойынша жүргізіледі. Көбінесе бұл жағдайда заң орындары кәсіпорынға аудит тексеруін жүргізуді анықтайды. Тексеруді жүргізу тәртібі, жұмыс көлемін заң орыны тапсырады талап етеді. Шаруашылық субъектісінің кәсіпкершілігінің көрсеткіштерін тексеруді заң орындары.

Аудиттің әр түрінің атқаратын қызметі де, тапсырушылар талабына сәйкес Нарықты қатынастық даму кезеңінде жалпы аудиттің атқаратын рөлі өте үлкен болып табылады. Сондықтан олардың аудит қызметтерінің даму барысында алатын орны да ерекше.

Жалпы аудит туралы 14-суретте оның ішінде сыртқы аудиттің ерекшелігі туралы осыған дейін көптеген түсініктер қарастырылған.

Аудиторлық тексеру жүргізбей шаруашылық субъекті басылымға шықпайды, яғни өзінен-өзі экономикалық қыспаққа түседі.

Біріншіден, мемлекет алдында өзінің шаруашылық субъектісі ретінде құқығын қорғай алмайды.

Екіншіден, сыбайлас кәсіпорындар қарым-қатынас жасамайды.

Үшіншіден, банктер сенімсіздік білдіріп, несие беруін тоқтатып, жалпы есеп айырысу процесін тежей бастайды.

Сыртқы аудит өзінің жұмыс процесінде ішкі аудит жұмысының соммасына баға береді. Қаншалықты тиімді жүргізілетінін, сенімділігін, оның аудит барысындағы рөлін анықтайды. Ондағы негізгі мақсат ішкі аудит қаншалықты аудит күмәнін жіберетінін, аудит стандартын қандай дәрежеде дұрыс қолданылатынын анықтау. Ішкі аудит жұмысын тексерген сыртқы аудит

өзінің ойын, жетістіктерін және кемшіліктерін, жетіспеушіліктерін жазбаша түрде анықтап басшылықтарына тапсырады.



14-сурет. Сыртқы аудиттің ерекшеліктерін қарастырамыз
Ескерту - авторлармен құрастырылды [19]

Сыртқа аудит соңғы жылдары тек қана қаржы ақпаратын тексеріп қана қоймай, кәсіпорын шаруашылығына экономикалық талдау жасап, оның кәсіпкерлігінің табыс соммасына баға береді. Оның жұмысының экономикалық және табыстылық тиімділігін анықтайды. Сыртқы аудитті қазіргі кезде «Заңды аудит» деп атайды. Себебі, ол тапсырушы алдында тәуелсіз тек қана сыртқы мәлімет пен пайдаланушылар алдында ғана жауапкершілікті.

Жоғарыда келтірілген сыртқы аудит туралы берілген түсінік негізінде шет елдерде толығымен қолданылады, оның қағидалары жұмыс бабында толық іске асырылуда. Қазір ҚР-да аудит қызметі жаңадан ғана дамып, қалыптасып келе жатыр. Осы орайдағы ең өкініштісі аудит қызметі толық міндетті түрде таратылған жағдайда еліміздегі қатынас заңдылықтарының кәсіпорын шаруашылығында тез қалыптасып кетуіне көптен-көп көмегі тиетіні сөзсіз.


Мысалы, аудит міндетті түрде барлық шаруашылық субъектілеріне жүргізілсе салық төлеу, өндіру мәселесі түгелдей жойылар еді. Әрине, ұйымдастыру, мамандар дайындау, моральдық этикалық аудит қағыдаларын бірден іске асыру өте ауыр жұмысболып табылады.

Сондықтан ҚР-да аудит қызметі жан-жақты таратылуы қажет, бірақ біздің елдің өзіндік экономикалық, әлеуметтік, тарихи даму ерекшеліктеріне сәйкес аудит принциптерін лайықты түрде қарастыру қажет. Әрине, оның ішінде ұйымдастыру, құрылымы туралы көптеген өзгерістер енгізу қажет.

3.2 Ақша қаражатының ішкі аудитін ұйымдастыру

Ішкі аудиттің басты міндеті – басқару мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ету. Бұл үшін ішкі аудит кәсіпорын басшысын дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін жасалған талдаудың нәтижелерімен, белгілі бір бөлімшенің қызметіне баға берумен, ұсыныстармен және уақытылы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит – кәсіпорынға қызмет көрсету аясында жүргізілетін ішкі бақылау жүйесін талдау үшін менеджмент арқылды анықталатын қызмет. Ішкі аудиттің көмегімен бақылау және талдау іске асырылады, сонымен қатар жүйелерді жақсартуға, жетілдіруге ұсыныстар беріледі. 15-ші суретте активтердің қабылдануы мен есептен шығарылуының заңды болғанына және осы активтердің тиімді түрде пайдалануы мен сақталуы қамтамасыз етілгеніне көз жеткізу керек.



15-сурет. Ақша қаражатының ішкі аудитінің қызметі
Ескерту - авторлармен құрастырылды [15]

Ішкі аудитор активтердің менеджментік рұқсатына сәйкес алынуы мен сатып өткізілуіне ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынға жататын активтердің сақталуы қамтамасыз етіліп жатқандығына сенімді болу керек. Мысалы, активтер сақтандырылған және арнайы сақтау орнында тұр. Бұдан әрі, ол активтердің тиімді пайдаланып жатқандығына сенімді болу керек.

Міндеттемелердің, ұйымның тек құқықтық операцияларына ғана қатысы бар екендігін растау.

Ішкі аудитор ұйымның жүзеге асырып жатқан операцияларының барлық типтері жайлы мәлімет беруі қажет. Бұл оның жүзеге асырылған операциялардың бірде-біреуіне сәйкес келмейтін міндеттері тез танып білуіне мүмкіндік береді. Ол ақпараттың барлық түріне қол жеткізе алу керек, бұған ерекше келісім-шарттарды растап алатын хаттамалар да кіреді.

Ішкі аудиттің қызметі орташа және үлкен кәсіпорындарда құралады. Кейбір жағдайларда қызметтің осындай түрін құру заңмен қарастырылады. Яғни, «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 5-тармағының 33-бабында ұлттық акционерлік қоғамдарда ішкі аудит қызметінің міндетті түрде бар болуы керктігі қарастырылады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысы кәсіпорынның жоғарғы басшылығы бекіткен «Ереже» деп аталатын фирмаішілік актінің шеңберінде біліктік, өз бетінше жұмысын іске асыра алушылық және жауапкершілік қағидаларының негізінде құралады.


Қазіргі кезде ішкі аудиторлардың өзінің айналысатын қызметін бухгалтерлік есеп саласы емес, «Өзіндік бет-бейнесі бар» күрделі қызмет ретінде тану тенденциясы байқалады. Өзінің жұмыс көлемі оларға үлкен болып көрінетіндіктен, олар өз кезегінде аудиторлық жұмыспен байланысты қызметпен қатар басқа да әртүрлі қызметпен айналысады.

Ішкі және сыртқы аудиттің мақсаттарының әртүрлілігіне қарамастан, оларға жету жолдары көп жағдайда ұқсас болып келеді. Ішкі аудитордың жұмысы сыртқы аудиторлық процедуралардың мерзімі мен дәрежесіне, сипатына өзгерістер енгізу үшін қолданылуы мүмкін. Әрине, сыртқы аудитор өзінің аудиторлық пікірі үшін толық жауапкершілікті ішкі аудитор да сондай дәрежедегі тәуелсіздік бола алмағандықтан қабылдайды.

Ішкі аудитордың тәуелсіздігі сыртқы аудиторлардың тәуелсіздігінен өзгеше болып келеді. Ішкі аудиторлардың тәуелсіздігі олардың ұйым ішіндегі беделімен, яғни атқаратын қызметімен және бағынуымен, сонымен қатар әділетілігімен анықталады. Сыртқы аудиторлар үшін тәуелсіздік клиент-фирманың, оның басшылығы мен иелерінің алдында қандай да бір міндеттемелердің немесе оларға бағытталған қаржылық қызығушылықтың жоқтығымен анықталады және ішкі аудитті бағалауды 16-суретте қарастырамыз.

Егер сыртқы аудитор ішкі аудитордың жұмысына сенімді болса, онда оған келесі процедуралар орындау қажет.

Ішкі бақылау процедураларының сонымен қатар ішкі аудиттің процедураларына қайта жүргізуге бақылау орнату қажеттігі туындауы мүмкін. Сыртқы аудитордың дәрежесі құжаттарда көрсетілуі керек.




16-сурет. Ақша қаражатының ішкі аудитін бағалау жолдары
Ескерту - авторлармен құрастырылды [13]

16-шы сурет көрсетілген бағалау кез-келген жағдайда аудиторлық тәуекелділікке және бақылаудың жалпы саясатына аудитордың беретін бағасына ықпал етеді.

Ішкі қаржылық, операциялық және басқару аудитің айырмашылықтары, міндеттері 17-суретте көрсетілген. Ішкі аудит кезінде орындалатын міндеттер әртүрлі және оның мақсаттарына, тексеру жүргізіліп жатқан ұйымның түрі мен оның қызметінің сипатына байланысты болады.

Егер тексеруге жұмыскерлерінің саны 10 адамнан аспайтын және қызметінің көлемі шектеулі кіші кәсіпорын тартылатын болса, онда ішкі ереже-нұсқаулар мен меншікті бақылау құралдарының шектеулі саны пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге, аудит өткізу барысында клиенттен клиентке дейін тұрақты болған тиісті аудиторлық файлды, аудиттің жоспарын, маңыздылық деңгейді анықтау тәртібін дайындау талап етіледі. Аудиторлық процедураларды типтік бағдарлама бойынша жүргізген дұрыс. Аудит нәтижелері жөніндегі жазбаша ақпараттар бірегей нысандар бойынша рәсімделуге тиісті. Жоғарыда айтылған мәселелердің әрқайсысы жинақтаушы немесе ішкі дербес құжаттардың біреуінде бейнелеуге тиісті.



17-сурет. Ішкі аудиттің міндеттері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [11]

Мемлекеттік ұйымдардың, коммерциялық банктердің, сақтандыру компанияларының және зейнетақы қоларының аудиті өзіндік ерекшелікке ие. Бұдан өзге, көптеген мәселелерді әр түрлі тәсілдермен, әртүрлі тереңдікте, егжей-тегжейлі және әртүрлі критерийлерге сүйене отырып шешуге болады.

Фирмашілік ереже – нұсқаулар мен стандарттардың көлемінің аудиторлық фирманың көлеміне қалай байланысты болатындығы жөніндегі көптеген сұрақтар туындайды. Халықаралық аудит стандарттарында сапаға бақылау жасау жүйесінің күрделілігі аудиторлық ұйымның көлеміне, оның даму бағытына, ұйымдық құрылымына байланысты. Әдетте, жалпы стандарттарды да ішкі құжаттарды да кеңінен қолданатын ірі аудиторлық фирмаларда ішкі ереже-нұсқаулардың ең төменгі саны қанша болуға тиісті екендігі жөнінде мәселе қойылмайды. Бұл фирмалардың басшылары әдетте, өз жұмысының сенімді болуына мүдделі болғандықтан, бәрінен бұрын ішкі бюрократиялық процедуралар жайында қайта сақтандыру жасауға бейім. Өз

кезегінде кішігірім аудиторлық фирмалар мен аудиторлар өздерінің атқаратын қызметтерінің көлеміне байланысты, аудит сапасын бақылаудың күрделі жүйесінің керек еместігі туралы көзқарастарын жиі қорғайды.

Өз клиенттеріне аудиторлық қорытынды бермейтін, яғни, жалғаспалы қызмет көрсетумен, мысалы кеңес берумен, айналысатын аудиторлық фирмалар үшін де сапаға бақылау жасаудың процедуралары керек болмау мүмкін. Көп санды ірі клиенттерге тұрақты түрде аудиторлық қорытынды дайындап беретін аудиторлық фирмаларда тиісті ереже-нұсқаулар, әдістемелік ұсыныстар, ішкі стандарттар түрінде жасалынған ережелер мен сапаға фирмаішілік бақылау жасау процедуралары болуға тиісті.

Қазіргі кезде бақылау жасау функциясы не құқығы бар мемлекеттік органдар не болмаса аудиттелінетін субъект аудиторлық тексерулердің сапасыз өткізілгендігі туралы мәлімдеме жасаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда бақылаушы органның міндетті қызметін ҚР аудиторлық палатасы жанындағы кәсіби этикалық кеңес атқарады. Анықталған қателіктер мен бұзушылықтар байланысты себептер 18-суретте көрсетілген бойынша жазаны айқындау мақсатында кеңесте сапасыз жұмыстардың орын алу актілерінің барлығы талданып, қаралады



18-сурет. Бұзушылықтарға байланысты себептер
Ескерту - авторлармен құрастырылды [12]

Аудиторлық қызмет жүйесінің ажырамас бөлігі ретіндегі бақылау жасау механизмі жүйе нақты жаңылыс тапқан кезде жұмыс істей бастамай, тұрақты негізде жұмыс істеуге тиісті.

Аудиторлық фирма аудиторлық процедуралардың мазмұны, мерзімі және көлемі үшін жауап беруге тиісті. Олардың сапасына бақылау жасау аудиторлық фирма қызметінің сипаты, тексеруді ұйымдастыру деңгейі және

табыстар мен шығыстар бойынша тиісті жағдайлар сияқты факторларға байланысты.

Ішкі және сыртқы аудиторлардың бірлесіп атқаратын қызметін тану. Ішкі және сыртқы аудиттің мақсаттарының әртүрлігіне қарамастан, оларға жету жолдары көп жағдайда ұқсас келеді. Ішкі аудитордың жұмысы сыртқы аудиторлық процедуралардың мерзімі мен дәрежесіне, сипатына өзгерістер енгізу үшін қолданылуы мүмкін. Әрине, сыртқы аудитор өзінің аудиторлық пікірі үшін толық жауапкершілікті ішкі аудиторда сондай дәрежедегі тәуелсіздік бола алмайтындықтан ғана мойындамайды.

Ішкі аудитордың тәуелсіздігі сыртқы аудиторкароың тәуелсіздігінен өзгеше болып келеді. Ішкі аудитордардың тәуелсіздігі олардың ұйым ішіндені беделімен, яғни атқаратын қызметінің және бағынуымен, сонымен қатар әділеттілігімен анықталады. Сыртқы аудиторлар үшін тәуелсіздік клиент фирманың, оның басшылығы мен иелерінің алдында қандай да бір міндеттемелерінің немесе оларға бағытталған қаржылық қызушылықтық жоқтығымен анықталады.

3.3 Ақша қаражаттарының есебінің жетілдіру жолдары


Бухгалтерлік есепті компьютерлеу ұйымдардағы есеп жұмысын жолға қоюға жаңа салалық негізде елеулі ықпал жасайды, бастапқы құжаттардың принциптері өзгереді, негізгі ауыр жұмыстар автоматтандырылған режимде орындалатын болады, есеп қызметкерлері деректерді өңдеуде тікелей ат салысады.

Қолданылып жүрген бухгалтерлік бағдарламалық қамсыздандыру пайдаланушылар үшін елеулі проблемалар туғызады. Сол үшін бухгалтерлік есепті автоматтандыру үшін құралдар тандау кезінде біріншіден бағдарламаны тандау керек одан кейін ғана компьютерленеді.

Компьютерленген бухгалтерияларға арнап 1С «бухгалтерия» бағдарламалық стандарттық программасы бар. Бірақ бухгалтерлерді автоматтандырылған есеп технологиясына оқытуға қол жетпеуінен проблема тереңдей түседі. Бұл ретте 19-суретте бухгалтер және компьютерлерді пайдалану мамандығын игеруге және өзі алатын нәтижелердің дұрыстығы үшін жауап беруге тиіс.

1С Бухгалтерия бухгалтерлік есепті автоматты түрде жүргізу үшін әмбебап жүйе болып табылады. Бұл программа түрлі есеп жүйелерін, әр түрлі әдістемелік есепті жүргізе алады. Сонымен бірге түрлі кәсіпорындарда қолданылады. 1С бухгалтерияның иілгіштігі және ыңғайлығы оның қарапайым бухгалтердің құралы ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттары есебінің қолданбалы жоспар жинағы бухгалтерлік есеп көлемінің негізгі бір бөлігі болып есептеледі.



19-сурет. Компьютерлік есепті дамыту жолдары
Ескерту - авторлармен құрастырылды [9]

Функционалдық белгілері бойынша акция қаражаттарының есебі 20-суретте көрсетілген материалдар толтыру, жалақы бойынша есеп айырысу және дебиторлық, кредиторлық қарыздарды өтеу кезінде бухгалтерлік ақпараттарды автоматты түрде қарастыру, касса және бухгалтериядағы жұмыс орынды тікелей ЭЕМ-нің көмегімен есептеу.


Ақша қаражаттарының есебі программалық құрылымдық ақпараттардың кірісі-шығысы бойынша жүйелермен және басқа да құжаттармен біріккен.



20-сурет. Ақша қаражаттарының функционалдық мәселелері
Ескерту - авторлармен құрастырылды [14]

Ақшалық қаражаттар есебінің өңдеу процесін енгізу ақпаратының кез-келген түрін ПЭЕМ-ге енгізуден бастап қажетті нәтижелік ақпараттар алғанға дейін тікелеу пайдаланушының өзі бухгалтердің 21- суретте автоматтандырылған екі жұмыс орнында атқарады.

Автоматтандырылған жұмыс орны 2-ні енгізу тек жұмыс істеп тұрған автоматтандырылған жұмыс орны-1 арқылы ғана мүмкін болады, жинақтау үшін автоматтандырылған жұмыс орны 1-де енгізілген.



21-сурет. Ақшалы қаражаттар есебінің іске асырылуы
Ескерту - авторлармен құрастырылды [5]

Берілгендерді өңдеу процессі мынадай сатыдан тұрады:

- Енгізу мерзіміне ақпараттық база құру;
- Әр бір айдың ағымында берілгендерді ағымдағы өңдеу.

Кешенді есептеуді шешу массивтерді енгізу мерзімін құрудан басталады:

- Шартты тұрақты ақпараттар;
- Номенклатуралық нөмірленген сақталу, пайдалану орындары және акция қаражаттары кіретін массивтері.

Бұл жұмыс бір рет жүргізіледі, кейінірек кіргізілетін қалдықтар жоспарлар жинағын пайдалану кезінде автоматты түрде қалыптасады.

Есерті кезең болып бір ай саналады. Бастапқы құжаттардан ақпараттар енгізу ақшалы қаражаттардың бағыттары бойынша бейне-бағдарламаға сәйкес жүргізіледі.

Ақшалы қаражаттардың сырттан келіп түсуі және сыртқа жіберіледі.

Берілгендерді енгізу және массивтерді қарастыру жүйесінде алгоритмдер түрінде берілген синтетикалық бақылау жүргізіледі. Мұндай бақылаулардың нәтижесінде экранға бухгалтерге қателіктердің есебін анықтауға дейін жазуды тоқтатып сақтап қоюға, немесе бүкіл құжатты жоюға жол беретін сәйкес хабарландырулар шығарылады.

Шартты тұрақты ақпараттарды ықшамдау қажет болған жағдайда және басқа құжаттардың берілгендерін дербес ЭЕМ-ге еңгізу ай ішінде олардың пайда болуы мен бухгалтерияға келіп түсуі мөлшерінде жүзеге асырылады. Айнымалы ақпараттар массивтерін құру есептік кезеңге құжаттарды еңгізу аяқталғаннан кейін «Тіркеу» мәзірінің «Жабу» бөлімінің функциясын іске асыру процесінде жүргізіледі.

Қорытынды ақпараттарды құру және шығару «Есептеулер» мәзірінің «Құрылу», «Көру», «Баспа» бөлімінің функцияларын орындау процесінде жүргізіледі. Құрылған қорытынды ақпараттар бухгалтердің таңдап алған жұмыс режиміне қарай басқа құрылғысына шығарылуы, дисплей экранда бейнеленуі, есептің қажетті аумақтарына берілетін немесе берілгенін кешенді ары қарай шешу үшін қолданылатын берілген массивтерінің түрінде ұсынылуы мүмкін.

«Сәулет құрылыс» мекемесінің кейбір бөлімдері ғана автоматты түрде жұмыс істейді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы жылдан-жылға жақсаруына байланысты, болашақта бухгалтерияны толық компьютерлендіру көзделіп отыр. Осы дипломдық жұмыстағы жүргізілген зерттеулер «Сәулет құрылыс» мекемесінде кассадағы ақша қаражаттарының есебі қолмен жүргізілетінін көрсетеді. Қолмен жүргізілетін арифметикалық және экономикалық есептер кәсіпорынның кассадағы ақша қаражаттарының есебінің тиімділігін төмендетеді.


Құжаттардың көп санының ақша қаражаттарының есебі бойынша бухгалтерлік есептілікте қателер жіберіледі және кәсіпорынның бухгалтериясында есептілік есепті кезеңнен кейін толтырылады. Касса құжаттарын толтырған кезде есеп жұмысшысы жұмыс уақытының көп бөлігін құжаттарды толтыруға жібереді.

Ақша қаражаттарының есебі – бухгалтерлік есептің жұмысын көп қажет ететін бөлім болып табылады. Әртүрлі шаруашылық процестердің уақытылы жүргізілуін, касса жұмысының есептілігі күніне толтырылуы керек. Жоғарыда көрсетілген себептер кассадағы ақша қаражаттары есебінің жетілдіруін талап етеді. Ақша қаражаттарындағы бухгалтерлік есебінің жетілдіруінің бірі 22-суретте «Ақша қаражаты есебінің автоматизациялауының» қажеттілігі келесілермен түсіндіріледі:

Автоматизациялаудың мақсаты – қазіргі нарықтық экономика жағдайында кассадағы ақша қаражаттар есебінің тиімділігін жоғарылату.

Кассадағы ақша қаражаттарының есебінде техниканы пайдалануды ұйымдастырудың тиімді нысаны бухгалтердің автоматтандырылған жұмыс орнын құру болып келеді.

Бухгалтердің автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО) – есеп процессін автоматизациялауды қамтамасыз ететін есеп техникалары мен қаражаттары қамтылған бухгалтердің жұмыс орны. Әр бухгалтердің қатты магниттік дискіде жазылған өзінің бағдарлама кешені болады.



22-сурет. Автоматизациялаудың қажеттілігі
Ескерту - авторлармен құрастырылды [7]

АЖО қамтылған бухгалтерия көптеген ерекшеліктерге ие болады. Техника қаражаттары бар бухгалтер берілген есептерін орталықтандыра отырып берілген есеп базасын интеграциялауды жүзеге асырады. Бұл шоттардағы шаруашылық операцияларымен көрметуді қамтиды. АЖО-ның негізгі артықшылығы – шағын және орта кәсіпорындарда есеп машиналарды пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеліп отырған кәсіпорын – шағын және орта бизнестегі кәсіпорын. Орталықтандырылған жұмыста АЖО-дағы мәселелердің шешімін табуға болады. Бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жалпы регистрлерін құрған кезде жоғары деңгейдегі нәтижелерге жетуге болады.

Ақша қаражаттары есебінің бухгалтеріне АЖО ұйымдастыру оның еңбек өнімділігін жоғарылатуға талдау және бақылау функцияларын күшейтуге, жұмыстың қажеттілігін жоғарылатуға келеді. Алғашқы құжаттар нысандарының құруын, жаңа есептілік нысандардың қалыптасуын автоматты түрде мүмкіндіктер қарастырылған.

«ІС: Бухгалтерия» кешенді бағдарламалары қол жұмысын жеңілдеткен. Бұл бағдарламаның негізгі ерекшелігі – бухгалтер кассадағы алғашқы құжаттарды тіркей отырып, оларды реттеп отыра алады. Сонымен, алғашқы құжаттармен қатар олардың операциялары да сақталып отырады. Бұл кассадағы есебін бақылауын жеңілдетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келгенде біз өзіміздің «Ұйымның ақша қаражаттары қозғалысының талдауы мен аудиті» атты дипломдық жобамызды жан-жақты қарастырып, зерттеу барысында көптеген қызықты әрі маңызы мәліметтермен таныс болдық.

«Сәулет құрылысы» мекемесінің мақсаты халыққа мемлекеттік тиімді көмек көрсету, заңды және жеке тұлғалардың сұранысын қанағаттандыру. Ұйымның ұсынып отырған қызметі қазіргі уақытта нарықтық экономика жағдайында үлкен сұранысқа ие.

Кез- келген ұйымның есеп жұмысының аяққы кезеңі қаржылық шаруашылық есепті құру болып табылады. Қаржылық шаруашылық есептің мақсаты- ұйымның қаржылық жағдайы, шаруашылық қызметінің нәтижесі және есепті кезең ішіндегі оның қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы тиімді, маңызды және дұрыс ақпараттармен қамтамасыз ету. Осы зерттеу жүргізілген ұйымның қаржылық қорытынды есебі бухгалтерлік баланстан және табыстар мен шығыстар туралы қорытынды есептен тұрады. Бухгалтерлік баланс қаржылық қорытынды есепте үлкен маңызды рөл атқарады. Ол белгілі бір мезгілдегі ұйымның қаржылық шаруашылық жағдайын білдіреді. Яғни бұл жерде ұйымның жалпы активтері мен міндеттемелерін және де меншікті капиталы қарастырылады.

Ақша қаражаттарының есебін дамыту қазіргі таңдағы нарықтық экономикадағы маңызды мәселелердің бірі. Елімізде нарықтық экономикаға көшу кәсіпкерлік қызметтің әр- түрлі субъектілерінің қарым-қатынастарын реттейтін жаңа экономикалық институттардың қызметтік қажеттіліктерін объективті жақтарын белгілейді, олардың ішінде аудиторлық институт алдыңғы қатарда. Нарықтық экономика жағдайында түрлі субъектілер жүргізген барлық коммерциялық операциялар мен инвестициялар еркін тәуелсіз аудиторлық қызметтің бақылау нәтижесінде ғана шынайы бағалана және растала алады.

Сонымен қазіргі таңда аудит – нарықтық инфрақұрылымның ажырамас элементі болып табылатын, қызметі нарықтық экономиканың дамуымен байланысты болатын, меншікпен шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарын қалыптастыруға негізделетін бақылаудың ерекше ұйымдық нысаны болып табылады. Аудит тек қана қаржылық көрсеткіштердің дұрыстығын қамтамасыз етіп қана қойма, сондай- ақ шығыстарды азайту мен пайданы еселеуге бағытталған ұсыныстарды да қамтиды. Аудиторлық қызмет тексерістен басқа салық пен салық салуды жүргізумен жетілдіру және тағы бақа нысандағы түрлі қызмет түрлерін ұйымдастырады. Сол себепті аудит нарық жағдайында бизнеске анализ жасаудың өзіндік нысанын көрсетеді. Аудиторлардың тәуелсіз қызметін ұлғайту кәсіпкерлік тәуекелдің азаюына және нарықтық экономиканың дамуы жағдайында тауар өндірушілермен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы есептемелерімен бухгалтерлік есептерінің дамуына ықпал тигізеді.

Әр бір ұйымның басшылары ұйым қызметін дұрыс қаржылық шаруашылық есептеме жасап пайдасын асыру үшін ішкі аудит жүргізу керек. Кәсіпорынның жалпы қаржылық нәтижелері, қаржылық шаруашылық есеп беруде шығарылады. Ал, аудиторлық тексерістің ең басты объектісі қаржылық есеп беру, яғни ол жердегі мәліметтердің дұрыс және шынайылығын анықтау. Теорияда аудиттың бастапқы әдістерінің бірі аудит объектілерін зерттеудің диалектикалық әдісі. Яғни бұл жерде зерттеу жүргізген кезде танымның жалпы ғылыми әдістері қарастырылады. Олар: талдау және синтездеу, индукция және дедукция, абстракция және аналогия, модельдеу және эксперимент жасау және т.б.. Аудиттің әдістемелік тәсілдері: есептеу, талдау, құжаттау және жалпылау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 7-ші Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IAS 7)
2. Дюсембаев К.Ш Аудит и анализ финансовой отчетности: Учебное пособие/ К.Ш.Дюсембаев, Б.К.Егембердиева, З.К.Дюсембаева.-Алматы: «қаржы-қаражат»,1998. – с512
3. Жақыпбеков С. Ішкі аудит: Алматы:экономика, 2008-344б
- Дюсембаев К.Ш «Анализ финансового положения предприятия», учебное пособие – Алматы:Экономика, 1998. – с.34.
4. «Сәулет құрылысы» мекемесінің Жарғысы
5. «Сәулет құрылысы» мекемесінің қаржылық есептілігі
6. «Сәулет құрылысы» мекемесінің есеп саясаты
7. Воронова Е. Ю. «Управленческий учет», учебник –М: Юрайт, 2013г.
8. А.Қ. Шарипов. Аудит:оқу құралы/Алматы экономика 2010,109-112б
9. Абленов, Д.О. Аудит негіздері: оқулық/ Д.О. Абленов- Алматы- экономика,2005.
10. Дюсембаев, К.Ш. Аудит и анализ финансовой отчетности:учебное пособие/ К.Ш.Дюсембаев. Алматы: Қаржы-қаражат,1998
11. В.П. Проскурина Бухгалтерлік есеп «Басынан бастап балансқа дейін » көмекші құрал. Алматы 2014жыл (15-23бет)
12. Гүлнар Нұрғалиева, «Банктердегі бухгалтерлік есеп» Алматы 2013жыл (5-7бет)
13. Б.Оразбекұлы «Бухгалтерлік есеп және аудит негіздері» Алматы 2011 (5-16беттер,73-80беттер,148-152беттер)
14. Н.А. Құдайбергенов, Қ.К.Кеулімжаев «Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері» Алматы 2006 (58-62бет)
15. С.Б.Мақыш «Ақша, несие,банктер теориясы» Алматы 2014 (59-64бет)
16. С.Б.Баймұханова «Қаржылық есеп» Алматы 2011 (213-217 беттер)
17. Абленов Д.О. Аудит негіздері. –Алматы: Экономика, 2003. –С.244-278

18. Адамс Р. Основы аудита: Пер. С англ. /Под ред. Проф. Я.В Соколова.- М.: Аудит, «ЮНИТИ», 1995. – С. 13-29.
19. Қазақстандағы аудиттің халықаралық стандарттары. Ішкі аудит қызметінің жұмыстарын қарастыру. Т.1 Алматы, 2001.
20. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспары.
21. 2007-жылғы 28-ақпандағы №234-ІІІ Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы. (2018.02.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
22. Бухгалтерлік есеп стандарттары мен ұсыныстар, Алматы,1998ж.
23. Радостовец В.К, Радостовец В.В, Шмидт О.И «Бухгалтерский учет на предприятии» Изд. «Центраудит – Казахстан», Алматы,1998ж.
24. Кеулімжаев К.К. «Қаржылық есеп», Алматы, 2002ж.
25. Ажибаева З.Н. «Аудит», Экономика, Алматы, 2004ж.
26. Кеулімжаев К.К., Ажибаева З.Н.,Құдайбергенов Н.А. «Қаржылық есеп». Экономика,Алматы,2003ж.
27. Қ.Е. Кеулімжаев Бухгалтерлік есеп негіздері – Алматы: Экономика 2006ж.
28. В.Н. Ажибаева Аудит – Алматы: Экономика 2004ж.
29. Абдыманова А., «Концептуальные основы и принципы бухгалтерского учета» Алматы,2003г.
30. Әбдіманапов Ә.Ә. «Бухгалтерлік есеп теориясы және принциптері» Алматы,АЙАН,2001ж.